Проблема установления режима коммерческой тайны, ее необходимость, значимость. В ходе проведения исследования был проведен обзор практики правоприменения, связанной с использованием информации, являющейся секретом производства или относящейся к коммерческой тайне. Кроме того, проанализирована практика арбитражных судов при рассмотрении дел, связанных с восстановлением права, прекращенного в результате незаконного использования коммерческой тайны, взыскания причиненного ущерба, нарушения соглашений о защите коммерческой тайны.

**Ключевые слова:** коммерческая тайна, защита коммерческой тайны, режим коммерческой тайны, право интеллектуальной собственности, гражданские споры, судебная практика.

### **ANALYSIS OF JUDICIAL PRACTICE ON THE APPLICATION OF NORMS THAT ENSURE THE PROTECTION OF COMMERCIAL SECRETS IN THE FIELD OF ENTREPRENEURIAL ACTIVITY**

**Annotation:** This article is devoted to the civil-legal problems of the Institute of commercial secrets. The article analyzes the role of commercial secrets as one of the non-traditional objects of intellectual property, and examines the legal nature of commercial secrets as an object of civil law. The analysis of the practice of judicial review of cases related to the protection of trade secrets is carried out. The review of judicial practice on the regulation of the level of the regime of commercial secrets by legislative acts, on the adoption of legislation on the protection of commercial secrets and the resolution of disputes arising from civil contracts concluded in the framework of business activities. The problem of establishing a commercial secret regime, its necessity, and significance. In the course of the study, a review of law enforcement practices related to the use of information that is a secret of production or related to a trade secret was conducted. In addition, the practice of arbitration courts in cases related to the restoration of the right terminated as a result of the illegal use of trade secrets, recovery of damage caused, violation of agreements on the protection of trade secrets is analyzed.

**Keywords:** commercial secret, protection of commercial secret, commercial secret regime, intellectual property law, civil disputes, judicial practice.

Коммерциялық құпия режимін орнату мәселесі, оның қажеттілігі, маңыздылығы өте күрделі болып табылады. Сондықтан да оны шешуде аса ұқыптылықпен жан-жақты ойластырудың қажеттілігі зор.

Өкінішке орай, консалтингтік жобалардың жүктемелерінің көптігіне байланысты оны жүргізу өте сирек жүзеге асады, мысалы жарты жылда бір рет. Сондықтан да ол әр бір осындай жағдай үшін жаңарып, түзетіліп отырады.

Талдықорған қалалық сотында 2020 жылындакоммерциялық құпияны қорғауға байланысты істер электронды құжаттарға гриф қою және бұл фактордың қорғалатын мәліметтерді жариялағаны үшін қызметкерді жауаптылыққа тартуға ықпалы; өшіріп немесе бөліп тастау мүмкін болмайтын компания құпияларын жинаған, бәсекелес фирмаға ауысқан қызметкермен қарым қатынасты реттеу; бәсекелес үшін тұлғадан коммерциялық мәліметтерді белсенді түрде алған жемқор- полиция қызметкерлерінің іс – әрекеттерін талдау және тағы да басқалар болып табылды.

Зерттеу жүргізу барысында өндіріс құпиясы болып табылатын немесе коммерциялық құпияға жататын ақпараттарды қолдануға байланысты құқыққолдану



тәжірибесіне шолу жүргізілді. Шолуда 90 нан астам түрлі инстанциядағы соттардың шешімдерінің кейсі, БАҚ - дағы, интернет- ресурстардағы жарияланымдар талданды. Жалпы алғанда, шолу жұмысшыға, бұрынғы бәсекелеске, контрагентке байланысты сот дауына дайындалғандарға, коммерциялық режим орнатқан немесе соны қолдайтындарға құнды болып табылады. Бізде құқық прецедент емес бірақ прецедент құқық! Сонымен қатар, бұл шолу DLP- жүйесін, сандық құқықтарды басқару жүйесін, электронды поштаны бақылау және архивтеуді өндіру және ендірушілер үшін де маңызды. Субъектілерге практикалық амалдарды көрсету сотта ақиқатқа жетуді біршама жеңілдетеді.

Жұмыс орыныда жұмысшының жеке өміріне қол сұғылмаушылық туралы Конституциялық қағидаға байланысты сот шешімінен цитата: «Талап қоюшының ҚР Конституциясының 23 бабына, ҚР АПК 55 бабына жасаған сілтемелері негізсіз деп саналады, себебі ақпарат талап қоюшының еңбек міндеттерін атқаруға арналған, жұмыс орыныда орналасқан компьютерден алынған» Ал бұл жұмыстан шығарда кінәнің дәлелденуі, тәртіптік құқық бұзушылықтың объективтік және субъективтік жақтарының анықталуын қажет етеді.

Жұмыс берушінің құқық бұзушылық әрекет бойынша дәлел жинай алмауы және соттық оны қабылдауына байланысты келесі сот шешімі: « Комиссия бас директордың бұйрығының орындалуы бойынша коммерциялық құпияның бұзылуына тексеріс жүргізіп анықтады:, азамат А. Коммерциялық құпия режимі бойынша қорғалатын қызметтік ақпараттарға қолы жетімді екенін және коммерциялық құпия режимін бұзған: жеке компьютері арқылы жеке флэш- картасына 52 файл құпия ақпараттарды жазып, электронды пошта арқылы үшінші тұлғаларға жіберген» Өзінің ебек міндеттерін теріс пайдаланғаны, коммериялық құпиялығы бар ақпараттарды заңсыз тарату, ұрлау үшін жауаптылық түрлері арнайы заңдармен қамтамасыз етіледі. Алайда, Қазақстан Республикасында «коммерциялық құпияны қорғау туралы» Заң қабылдау қажеттілігі өзекті болып отыр.

Сонымен қатар, коммерциялық құпияны заңсыз пайдалау нәтижесінде тоқтатылған құқықты қалпына келтіруге байланысты, келтірілген шығынды өндіру, коммерциялық құпияны сақтау туралы келісімдердің бұзылуына байланысты істер төрелік соттар практикасында да кездеседі. Соттардың орнатылған коммерциялық құпия режимінің толықтығын бағалау мәселелері және оның сот шешіміне тигізетін ықпалы туралы сұрақтар да қазіргі таңда дау туғызатын жайт болып отыр.

Қызметкерлердің мәліметтердің құпиялылығын жариялауға алып келіп соқтыратын қызметтік ақпараттарға байланысты құқыққа қарсы әрекеттері тәртіптік жазаға, жұмыстан шығаруға дейін немесе қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыруы мүмкін. Қызметтік даулардан сот талқылауларынан аулақ болу үшін қызметтік құжаттар мен ақпараттарға асқан жауаптылықпен қарау қажет.

08.10.2020 жылғы № 11-33789 Азаматтық іс бойынша Талдықорған қалалық сотының қаулысы:

Азамат А. «Гидродинамика» ЖШС- де жобалық- сметалық бөлімнің бастығы лауазымында жұмыс жасады. ҚР Еңбек кодексінің 81 бабының 6 тармағы негізінде коммерциялық құпияны жариялағандығы үшін жұмыстан шықты.

Азамат А.-ға жұмыс орнындағы жеке компьютері арқылы жеке флэш- картасына 50 файл құпия ақпараттарды жазып, электронды пошта арқылы үшінші тұлғаларға жоспарланған жұмыс көлемі және бағасы туралы ақпарат жіберген. Құқық бұзушылық фактісі коммерциялық құпия режимнің сақталуын тексеру жөніндегі комиссиямен анықталды. Азамат А.-ның файлдардың ақпараттық-анықтамалық

сипатта екендігі және интернеттен алынғандығы жөніндегі дәйегі оны ақтаушы дәлелдеме ретінде қабыданған жоқ. Бұл жайт қызметтік тергеу жүргізу қорытындысы бойынша жасалынған актіде көрсетілді.

Азамат А. жұмыстан шығарудың негізін өзгерту туралы талап арызбен сотқа жүгінді. Алайда сот жұмыстан шығарудың бастапқы негізін заңды деп тапты [1].

08.10.2020 жылғы № 2-5055/2019 Азаматтық іс бойынша Талдықорған қалалық сотының қаулысы:

«Сотмаркет» ЖШС-нің құқық департаментіне заңгер көмекшісі лауазымын атқарған Азамат Х. Еңбек келісім-шартына сәйкес жұмыс берушінің қызметіне байланысты сұхбат бермеуге, кездесулер мен сөйлесулер жүргізбеуге, коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жарияламауға міндетті болды.

Х. Бастығының өкімін орындау барысында бірқатар қаржылық құжаттарды қызметтік мақсатта сканерледі. Осы құжаттардағы мәліметер басқа мақсатта пайдаланылғаны анықталғанда қызметтік тергеу жүргізілді. Х.-ның компьютерінде орналасқан «Skype», бағдарламасында үшінші тұлғалармен жүргізілген жазба, сканерленген құжаттар көшірмелерінің жіберілгендігі анықталды.

Қызметтік тергеудің жүргізілуі мәселені даусыз шешу мақсатында болғанымен, азамат Х. өз кінәсін мойындамады. Нәтижесінде коммерциялық құпияны жариялағаны үшін ҚР Еңбек кодексінің 81 бабының 6 тармағы негізінде жұмыстан шығарылды. Азамат сотқа жүгінді. Алайда сот жұмыстан шығарудың бастапқы негізін заңды деп тапты [2].

Жоғарыда келтіріген коммерциялық құпияны жариялауға байланысты қаралға істерді талдайтын болсақ, қызметкердің құқығын қорғайтын негіздердің аз болуы, коммерциялық құпия режімінің деңгейінің заңнамалық актілермен реттелмеуі, коммерциялық құпияны қорғау туралы заңнаманың осы күнге дейін қабылданбауы коммерциялық ақпаратты қорғау бойынша сот тәжірибесінің дами қоймағандығын көрсетті.

Коммерциялық құпия туралы соттық істерде жауапкер, екі жағыдайды алға тартады: 1) даулы ақпарат коммерциялық құпия болып бағалануы мүмкін емес. 2) бұл ақпарат заңды жолмен алынған. Егер талап қоюшыға бұл дәйектерді жоққа шығару мүмкіндігі туса оған материалдық компенсация төленуі тиіс. Коммерциялық құпия иегері үшін соттың тек коммерциялық құпияны қолдануға тыйым салу ғана емес, ол ақпарат жазылған барлық құралдардың жойылуы, болашақта таралмауы жөніндегі шешмін алу қажет.

Сот құқық бұзушыдан талап қоюшыға оның интеллектуалдық меншік құқығының бұзылуына байланысты келтірілген залалдар үшін компенсация өндіруі мүмкін.

Сонымен қатар, сот жауапкерден құқық иеленушіге адвокат қызметіне кеткен шығындарды қоса алғандағы барлық шығындарды өндіріп беруге құқылы.

Коммерциялық құпияны жариялау туралы сот процестерінде ақпараттың заңсыз жолмен шығып кетуін қарау барысында оның құпиялылығының ашылып қалуы ерекше қиындық туындатады. Сол себепті, сот отырысында ақпараттың құпиялылығын қорғау және сәйкестендіру құралдары конституциялық нормаларға сай жүргізілуі тиіс.

Тараптар өз талаптарын қолдау кезінде дәлелдемелерді жалпы сипаттағы дәлелдеме ретінде ұсынса, сот бұл тарапқа ұсынылған дәлелдемеге ақпараттың құпиялылығын қорғауды қамтамасыз ету жағдайларын қолдануды міндеттейді [3].

Коммерциялық құпияға құқықтарды қорғау іс жүзінде тек бір ғана нысанда жүргізілуде, яғни жалпы юрисдикциялық нысанда (көмекке тек құзырлы мемлекеттік

органдарға жүгіну). Коммерциялық құпияны қорғаудың негізгі нысаны болып юрисдикциялық процедура болып табылады. Ол өз кезегінде соттық және әкімшілік тәртіпте жүргізіледі. Жалпы ереже мәні қорғаудың соттық тәртібі болып табылатындықтан талап қоюшы бұзылған құқықты қорғау және қалпына келтіру туралы сотқа жүгінеді. Коммерциялық құпия кәсіпкерлік қызметпен тікелей байланысты болғандықтан бұл даулар негізінен арбитраждық (төрелік) ведомстволыққа жатады. Жауапкер ретінде еңбек шартын бұза отырып коммерциялық дауды жариялаған жұмысшы болса, іс соттың жалпы инстанциясында қаралады.

Коммерциялық құпияға құқықты қорғаудың әкімшілік тәртібі, азаматтық заңнамаларды көрсетілген реттерде ғана қолданылады және олар арнайы болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі таңда әкімшілік тәртіпте қабылданған кез келген шешім бойынша сотқа шағымдануға болады.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 126 бабына сәйкес, үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңдармен қорғалады. Мұндай ақпаратты заңсыз әдістермен алған адамдар сондай-ақ еңбек шартына қарамастан қызметшілер немесе азаматтық-құқықтық шартқа қарамастан контрагенттер қызметтік немесе коммерциялық құпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті[4].

Коммерциялық құпияны қорғау Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз алуға, таратуға не пайдалануға тыйым салуды білдіреді. Кәсіпкерлік субъектісі коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар адамдар тобын айқындайды және оның құпиялығын қорғауға шаралар қолданады. Ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын кәсіпкерлік субъектісі айқындайды. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғау бойынша кәсіпкерлік субъектісі қолданатын шаралар:

- 1) коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындауды;
- 2) осы ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін және осы тәртіптің сақталуын бақылауды белгілеу арқылы коммерциялық құпияға қол жеткізуді шектеуді;
- 3) коммерциялық құпияға қолжетімділік алған адамдарды және (немесе) осы ақпарат ұсынылған немесе берілген адамдарды есепке алуды қамтуы мүмкін.

Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз әдістермен алған, ашқан және (немесе) пайдаланған адамдар келтірілген нұқсанды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге міндетті.

Кәсіпкерлік субъектісі немесе ол уәкілеттік берген адам өз жұмыскерлерінен коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу туралы қолхат талап етуге, ал оны тексеруді жүзеге асыратын адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылық туралы ескертуге құқылы. Міндетті түрде жариялануға не акционерлік қоғам акционерлерінің, шаруашылық серіктестігі қатысушыларының, өндірістік кооператив мүшелерінің немесе өзге де белгілі бір адамдар тобының назарына міндетті түрде жеткізілуге жататын ақпараттың тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында және кәсіпкерлік субъектілерінің құрылтай құжаттарында белгіленеді. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат, соттың заңды

күшіне енген шешімі бар ақпаратты қоспағанда, кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз жария етілмейді. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты өздеріне белгілі болған коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз таратуға және (немесе) пайдалануға құқылы емес [5].

Кәсіпкерлік субъектісі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға, оларға жүктелген функцияларды іске асыру үшін қажетті ақпараттан басқа, тіркеу, бақылау және қадағалау функцияларын орындау және басқа да әрекеттерді жасау кезінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа қолжетімділікті бермеуге құқылы. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз таратқаны және (немесе) пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады, ал осындай тарату және (немесе) пайдалану салдарынан кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген нұқсан Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады. Нақты кәсіпкерлік субъектісінің қызметі туралы мәліметтерді ашпайтын, жинақтап қорытылған ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады. Кәсіпкерлік субъектісінің жалпыға қолжетімді ақпаратына мыналар жатады:

- 1) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауы;
- 2) заңды тұлғаның атауы және тіркелген күні;
- 3) сәйкестендіру нөмірі;
- 4) заңды мекенжайы (орналасқан жері);
- 5) қызмет түрі;
- 6) басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. 08.10.2017 жылғы № 11-33789 Азаматтық іс // Талдықорған қалалық сотының мұрағаты
2. 4208.10.2016 жылғы № 2-5055 Азаматтық іс // Талдықорған қалалық сотының мұрағаты
3. Сулейменов М.К., Басин Б.Г. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (особ. ч.). Комментарий. - Алматы, 2000. - 423 с.
4. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі (01.06.2021. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51006061](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061).
5. Басин Ю.Г. Вина как условие ответственности за нарушения обязательства. - Алматы, 1997. - 586 с.

## ИНВЕСТИЦИОННО-ПРАВОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИСТОРИЯ ЕГО РАЗВИТИЯ

*А.Б.Кожжахметова*

**Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 2 курс магистранты  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**

**Түйіндеме:** Инвестициялық құқық-бұл әртүрлі салаларға қатысты нормаларды біріктіретін құқықтық білім. Осыған орай, мемлекеттің инвестициялық саясаты саласындағы құқығы заңның мынандай негізгі азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек, іс жүргізу секілді салаларымен қатар өмір сүретін кәсіпкерлік құқықтың бір саласы болып табылады. Менің ойымша қазіргі таңдағы мемлекеттің инвестициялық саясаты Қазақстанда құқықтың кешенді саласы ретінде қалыптасты, себебі ол халықтың экономикалық дамуының алғышарттарының бірі болып келеді. Бұл мақалада инвестициялық қызмет сөзінің мағынасы ҚР заңнамасы негізіндегі анықтамасы талқыланып, ашылып көрсетіледі. Жалпы инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің ұлттық құқықтық реттеу, халықаралық құқықтық реттеу секілді 2 формасына анықтама түсінік беріліп, олардың әрқайсысының ерекшелігі мен маңыздылығы айқындалған. ҚР-сын индустриалды-инновациялық дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалары «Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына, Қазақстанның әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес біздің елдің инвестициялық тұрғыда алға қойған мақсаттарымыз талқыланды. Осы стратегияларды жүзеге асыру мақсатында даму институттары қызмет атқарды. Жалпы алғанда, даму институттарының тұрақты жұмыс істеуі орталықсыздандыру, мамандандыру, бәсекелестік және ашықтық қағидаларына негізделетін бірыңғай жүйені қалыптастыруы тиіс екендігі көрсетіліп, осы қағидаларға толықтай түсінік берілді.

**Түйін сөздер:** Инвестициялық құқық, экономика, инвестициялық қызмет, шет ел инвестициясы, кәсіпкерлік қызмет.

## ИНВЕСТИЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ИСТОРИЯ ЕЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ И РАЗВИТИЯ

**Аннотация:** Инвестиционное право-это правовое образование, объединяющее нормы, относящиеся к различным отраслям. В этой связи право государства в сфере инвестиционной политики является одной из отраслей предпринимательского права, которая сосуществует с такими основными отраслями права, как гражданская, уголовная, административная, трудовая, процессуальная. На мой взгляд, инвестиционная политика современного государства сформировалась в Казахстане как комплексная отрасль права, так как является одной из предпосылок экономического развития населения. В данной статье обсуждается и раскрывается определение значения слова инвестиционная деятельность на основе законодательства РК. В целом дано определение 2-х форм правового регулирования инвестиционной деятельности, таких как национальное правовое регулирование, международное правовое регулирование, определены специфика и значимость каждой из них. В соответствии с долгосрочными приоритетами Стратегии «Казахстан-2050», концепцией по вхождению

Казахстана в тридцатку развитых стран мира, государственными программами индустриально-инновационного развития РК были обсуждены инвестиционные цели нашей страны. В целях реализации этих стратегий функционировали институты развития. В целом, было показано, что устойчивое функционирование институтов развития должно сформировать единую систему, основанную на принципах децентрализации, специализации, конкуренции и прозрачности, поэтому в статье дано полное понимание этих принципов.

**Ключевые слова:** Инвестиционное право, экономика, инвестиционная деятельность, иностранные инвестиции, предпринимательская деятельность.

## INVESTMENT ACTIVITY AND HISTORY OF ITS LEGISLATIVE SUPPORT AND DEVELOPMENT

**Abstract:** Investment law is a legal education that combines norms related to various fields. In this regard, the law of the state in the field of investment policy is one of the branches of business law, which coexists with the following main branches of law: civil, criminal, administrative, labor, and procedural. In my opinion, the investment policy of the modern state has been formed in Kazakhstan as a complex branch of law, as it is one of the prerequisites for the economic development of the population. This article discusses and reveals the definition of the meaning of the word investment activity based on the legislation of the Republic of Kazakhstan. In general, the definition of 2 forms of legal regulation of investment activity, such as National Legal Regulation and international legal regulation, is explained, the specifics and significance of each of them are determined. "The state programs of industrial and innovative development of Kazakhstan in accordance with the long-term priorities of the strategy" "Kazakhstan-2050", the concept of Kazakhstan's entry into the top thirty developed countries of the world were discussed." In order to implement these strategies, development institutions have been functioning. In general, it was noted that the sustainable functioning of development institutions should form a single system based on the principles of decentralization, specialization, competition and transparency, and these principles were fully explained.

**Keywords:** Investment law, economics, investment activity, foreign investment, business activity.

Инвестициялық құқық-бұл әртүрлі салаларға қатысты нормаларды біріктіретін құқықтық білім. Осыған орай, мемлекеттің инвестициялық саясаты саласындағы құқығы заңның мынандай негізгі азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек, іс жүргізу секілді салаларымен қатар өмір сүретін кәсіпкерлік құқықтың бір саласы болып табылады. Менің ойымша қазіргі таңдағы мемлекеттің инвестициялық саясаты Қазақстанда құқықтың кешенді саласы ретінде қалыптасты, себебі ол халықтың экономикалық дамуының алғышарттарының бірі болып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс қимыл кезеңі» деп аталған Қазақстан халқына Жолдауында «Мемлекет пен инвесторлар арасындағы уағдаластықтарды бекіту үшін стратегиялық инвестициялық келісім жасалады. Бұл – жаңа тәсіл. Осы бастаманы жыл соңына дейін экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі заң жобасы аясында жүзеге асырған жөн. Үкімет

стратегиялық келісімдерге енетін жобалардың топтамасын 2021 жылдың сәуір айына дейін әзірлейді» [1] деп инвестициялық саясаттың ел болашағы үшін маңыздылығын атап өткен.

Инвестициялық қызмет – бұл инвестицияларды салу және инвестициялау, инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік қызметтер жиынтығы. Сонымен қатар, инвестициялық қызмет инвестордың инвестициялық объектіні таңдауы және құруы, оны пайдалануы мен жоюы, қажетті қосымша салымдарды жүзеге асыруы мен сыртқы қаржыландыруды тартуы бойынша инвесторлардың қызметін түсіндіреді.

ҚР-ның заңында инвестициялық қызмет – жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы жөніндегі не кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құрау немесе ұлғайту жөніндегі, сондай-ақ концессионердің (құқық мирасқорының) концессия шарты шеңберінде жасаған және алған, тіркелген активтері жөніндегі қызметі деп көрсетілген[2, 107б.].

Жалпы инвестициялық қызметті құқықтық реттеудің 2 формасы бар:

- 1) Ұлттық құқықтық реттеу;
- 2) Халықаралық құқықтық реттеу.

Ұлттық құқықтық реттеу формасы – бұл инвестициялық қызметке байланысты және оны реттеуге бағытталған сол елдің аумағында әрекет ететін заңдылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер кешені.

ҚР-да инвестициялық қызметті реттейтін негізгі заң «Инвестициялар туралы» ҚР-ның 2003 жылдың 8 қаңтардағы № 373-II заңы (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексімен күші жойылған) болып табылды. Осы заңның қабылдануымен байланысты ҚР-ның инвестициялар туралы заңдары да күштерін жойған: «Шетелдік инвестициялар туралы» ҚР-ның 1994 жылғы 27 желтоқсандағы заңы[4], ҚР Жоғарғы Кеңесінің «Шетелдік инвестициялар туралы» ҚР-ның заңын күшіне енгізу тәртібі жөніндегі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қаулысы, «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 28 ақпандағы ҚР-ның заңы.

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 қазанда шыққан заң инвестицияларға байланысты қатынастарды реттеді, инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындады[5]. ҚР-сында инвестицияларды жүзеге асырған кезде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік берді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгіледі.

Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде туындайтын және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының қолданылатын саласына байланысты қатынастарға «Инвестициялар туралы» заңының ережелері ҚР-ның осындай заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылды. Егер ҚР бекіткен халықаралық шартта осы заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылды.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігі негізінде ҚР-ның заң актілерінде инвестициялық қызметте шектелетін немесе оған тыйым салынатын қызмет түрлері мен аумақтары белгіленген. Сонымен қатар, бұл заңда инвестиция, инвестициялық қызмет, инвестор, инвестициялық преференция ұғымдарына анықтама берілген.

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген ҚР-ның индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының негізгі бағыттары бойынша елімізде жұмыстар жүргізіліп келді[6]. Мемлекет жоғары технологиялы өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық та технологиялар трансфертінің

тиімді жүйесін жасауға жәрдемдесу үстінде. Сонымен қатар, жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) қолдауда. Ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларына инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енуіне бағытталған заң шығару базасы да елімізде барынша жетілдіріліп жатыр. Бұл Қазақстанда индустриалдыинновациялық саясаттың алғышарты жасалғанын көрсетеді.

Индустриалды-инновациялық дамудың 2003-2015 жж. және 2010-2014 жылдарға арналған стратегиясының маңызды міндеттерінің бірі мақсатты инвестициялық және ғылыми-техникалық стратегияларды іске асыру, инвестициялық белсенділікті реттеу мен ынталандыру болып табылады. Бұл индустриалды-инновациялық дамуды, қазіргі мемлекеттік басқару жүйесін қайта қарауды және белгілі бір дәрежеде қайта құруды қажет етеді[7,79 б.].

Өндеуші өнеркәсіптің әлемдік экспортындағы ҚР-ның үлесін ұлғайту және барлық факторлардың өнімділігінде дамыған елдерден алшақтықты қысқарту арқылы 2035 жылға қарай өндеуші өнеркәсіпте Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ең дамыған елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің орташа деңгейіне қол жеткізу индустрияландыру саясаты болып табылады. 2010-2014 жылдары Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде бірінші кезең іске асырылды, онда индустриялық даму үшін заңнамалық, инфрақұрылымдық және институционалдық негіздер қаланды. Индустриалды-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған стратегиясының мақсаты – еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өндеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыру[8]. Сондай-ақ, міндеттері:

- 1) дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау;
- 2) сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру;
- 3) экспортқа және өз еңбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриалдық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- 4) инновациялық белсенді бизнестің сындарлы мөлшерінің пайда болуы үшін алғышарттар жасау.

ҚР-сын индустриалды-инновациялық дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалары «Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына, Қазақстанның әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің XXVI жалпы отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырманы орындау үшін және ҚР Президентінің «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленген.

Стратегияларды жүзеге асыру мақсатында даму институттары қызмет атқарды. Жалпы алғанда, даму институттарының тұрақты жұмыс істеуі орталықсыздандыру,



мамандандыру, бәсекелестік және ашықтық қағидаларына негізделетін бірыңғай жүйені қалыптастыруы тиіс.

Орталықсыздандыру қағидасы жеке сектордың бастамаларын қолдау (қаржылай қолдау) көздерінің сан түрлі болуын білдіреді. Іс жүзінде бұл мемлекеттің қаржы және ақпараттық ресурстарды бір ғана даму институтына жұмылдырмайтынын білдіреді. Бұл шешімдерді қабылдау кезінде мүмкін болатын жүйелі тәуекелдерді болдырмауға және бәсекелестіктің негізін салуға, соның нәтижесі ретінде қолдау көрсету кезінде неғұрлым ашық саясат жүргізуге, сондай-ақ, жеке сектордың бастамаларын неғұрлым терең талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, егер перспективалы жоба даму институттарының бірінде қолдау таппаса, онда оны басқа институттан алу мүмкіндігі сақталады. Мамандану қағидасы даму институттарының қызметтерінің белгілі бір операцияларына және түрлеріне мамандануын білдіреді. Мысалы, Қазақстан Даму Банкі жобаларды банктік несиелеу арқылы, Қазақстан инвестициялық қоры – жарғылық капиталға үлестік (бақылаусыз) қатысуы арқылы, Ұлттық инновациялық қор – гранттар, оның ішінде ғалымдар мен ғылыми мекемелерге гранттар беру және капиталға үлестік қатысу арқылы жобаларды қаржыландыруға маманданған.

Мамандану қағидасы даму институттарының мамандану шеңберінде операциялармен және қызмет түрлерімен ғана айналысатынын білдірмейді. Олар өздері үшін негізгі болып табылмайтын басқа операцияларды да жүзеге асыра алады. Бұл үшін негізгі емес операциялар мен қызмет түрлерін жүзеге асырудың лимиттері белгіленген.

Бәсекелестік қағидасы даму институттарының қызметін бәсекелестік негізде жүзеге асыруды білдіреді. Мұндай қажеттілік институттардың көпшілігі дамудың осы кезеңінде нарықта жоқ институттарға еліктеуге бейімді екенімен байланысты. Институттардың қызметі нарықтық институттарға еліктеуді білдіретінін ескере отырып, әуел бастан олардың қызметін нарықтық, яғни бәсекелестік негізде құру. Бәсекелестік қағидасы қандай да бір институттың қызметінің нәтижелерін салмақтауға мүмкіндік береді.

Ашықтық қағидасы менеджерлердің есептілігі мен жауапкершілігін, қаржы ресурстарын мақсатты, әрі тиімді пайдалану үшін тиісті бақылауды қамтамасыз ететін дамудың мемлекеттік институттарын корпорациялық басқарудың ашық жүйесін құруды білдіреді. Мемлекет даму институттарының алдына қойылған міндеттерді тиісінше іске асыру мақсатында олардың қызметін қандай да бір қысымнан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Осы қағиданы жүзеге асыру үшін тәуелсіз директорлар институты мінсіз іскерлік беделі бар шетелдік жоғарғы білікті менеджерлерді тарта отырып, корпоративтік басқарудың қазіргі заманауи құралдарын белсенді пайдаланады.

Шетелдік инвестициялар – бұл ҚР аумағындағы кәсіпкерлік қызметтің объектісіне шетел инвесторына тиесілі азаматтық құқықтардың, соның ішінде ақша қаражаттардың, бағалы қағаздардың, мүліктік, интеллектуалдық құндылықтардың және ақпарат нәтижелеріне ерекше құқықтардың ақшалай бағасына ие мүліктік құқықтар объектісі түрінде шетел капиталын салу [9,216.].

Сыртқы инвестициялаудың негізгі көзі – шетелдік тікелей инвестициялар болып табылады.

Шетелдік тікелей инвестициялар тек ішкі капитал салымдарының қосымша көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа жетілдірілген технологияларға, сыртқы қарыздарды өткізу жүйесіне, қаржыландырудың жаңа көздеріне қол жеткізу әдісі ретінде қарастырылуы мүмкін және шетелдік инвесторлар жаңа өндірістерді құруға

көмектесуі мүмкін. Шетелдік тікелей инвестициялар – шетелдік инвесторлардың салған капиталының отандық кәсіпорыннан артықшылығы болумен түсіндіріледі.

Қазақстан экономикасына 1998-2018 жылдар аралығында 300 млрд доллар көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылды. Шетелдік тікелей инвестициялар трансұлттық компаниялар, халықаралық институттар, шетелдік банктер есебінен құрылған.

Негізгі шетелдік инвесторлар – АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапония, Ұлыбритания, Қытай, Еуропа мемлекеттері болып табылады. Әлемде 20000-нан астам трансұлттық компания бар .

Қазақстан аумағында олардың қызметтері біріккен кәсіпорындардың құрылуымен байланысты дамыды. Әлемдегі 100-ден аса ірі корпорацияның 35-і мұнай және осыған ұқсас секторларда жұмыс істейді. Егер осыдан 15-20 жыл бұрын ірі трансұлттық корпорациялардың барлығы Батыс Еуропа, АҚШ және Жапония елдерінің үлесінде болса, қазір едәуір бөлігін Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей және Бразилия елдерінің ірі компаниялары құрайды. Өйткені, бұл елдер трансұлттық корпорациялардың ел экономикасының іргесін кеңейтудегі рөліне мән беріп, оларға барынша көмек көрсетуде [10, 121б.].

1. Ең ірі трансұлттық компаниялар – Шеврон, British gas, Қытай Ұлттық компаниясы, Тексака, Филип Морис болып табылады.

2. Халықаралық қаржы институттары:

1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;

2) Азия қайта құру және даму банкі;

3) Еуропа қайта құру және даму банкі; Инвестиция және инвестициялық қызмет

4) Жапонияның Эксим банкі;

5) Жапонияның халықаралық серіктестік қоры.

Шетелдік коммерциялық банктер. Мемлекеттік портфельді инвестициялау кезінде олардың иесі үшін тек табыс маңызды болады. Ал кәсіпорындарды бақылау олардың мүддесіне жатпайды. Қазақстан экономикасына шетелік инвесторларды тарту әлеуметтік-экономикалық дамудағы мәселелерді шешуге көмектеседі:

- қазақстандық тауарлар мен технологияларды сыртқы нарыққа шығару;
- әр түрлі салаларда экспорттық әлеуетті кеңейту және импорттың орнын басататын өндірісті дамыту;

- еңбек күші көп аймақтарға және табиғи ресурстарға бай аудандарға капитал құюға көмектесу;

- жаңа жұмыс орындарын құру және өндірісті ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы орындарын шегеру;

- кәсіпкерлік саладағы өркениетті қатынастардың нәтижесін игеру;

- өндірістік инфрақұрылымның дамуына көмектесу .

Шетел инвесторларының саяси қағидалары:

- экономикалық пайданың тиімділігі;

- экономикалық және экологиялық қауіпсіздендіру;

- экологияға зиян келтірмеу; • капиталды мемлекеттен шығару;

- ескірген техникамен жұмыс жүргізбеу;

- инвестордың сенімді серіктесі болу.

Игерілген шетелдік тікелей инвестициялардың едәуір бөлігі мұнай, газ, түсті металл, энергетика салаларына бөлінді. Сонымен қатар, Қазақстанда шетел инвесторларының көптеп келуіне әсер ететін жағдайлар бар. Мысалы, бай минералдық шикізат көздері, көптеген табиғи жер ресурстары, яғни, түсті және қара металлургия,

химия және мұнай химиясы. Еліміздегі өнеркәсіптік қуаттылық пен халықтың білім деңгейі жеткіліксіз мамандандырылған кадрларды қамтамасыз етті. Негізінен елімізге барлық инвестицияның 80%-і шикізатқа мұнай өңдеу, газ, қара және түсті металлургия мен энергетика саласына келді.

2018 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 21,6%-ке артып, 7,5 трлн теңгені құрады. Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 15,4%-ке ұлғайып, 12,3 млрд долларды құрады. Атап айтқанда өсім келесі салаларда байқалды: тау-кен өнеркәсібі – 6,7 млрд доллар (өсім 13,6%), көлік – 393,3 млн. доллар (өсім 21,7%), сауда – 2,0 млрд теңге (өсім 37,3%), қаржылық және сақтандыру қызметі – 359,5 млн доллар (өсім 1,7 есе), ақпарат және байланыс – 124,2 млн доллар (өсім 5,7 есе) [34].

Ұлт жоспары – 100 нақты қадам аясында ТҰК-ды тарту жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде. Шамамен 10,6 млрд. доллар болатын 34 жобадан ТҰК жобаларының тізімі жасалды (12 жоба іске асырылуда, 22 жоба ұысынылуда) [11].

Жалпы сомасы 1,4 млрд доллар болатын 12 жоба іске асырылу сатысында, оның ішіндегі құны 1 млрд доллар болатын 8 жоба қарқынды түрде іске қосылуда. Маңызды жобалардың арасынан инвестиция көлемі 83 млн доллар Техникалық газ өндіретін немістің Linde Group компаниясын, инвестиция көлемі 165 млн доллар картоп өңдейтін голландиялық фирманы, инвестиция көлемі 70 млн доллар жоғары сапалы әк өндіретін бельгиялық Carmeuse Group компаниясын, инвестиция көлемі 220 млн. доллар сода күлін өндіретін түріктің Yildirim Holding компаниясын, инвестицияларының көлемі 194 млн доллар болат құбырларын шығаратын қытайдың CNPC және цемент өндіретін China Gezhouba Cem компаниялары. Жалпы сомасы 9,2 млрд АҚШ долларын құрайтын 22 жоба ұсынылуда. Бұлардың арасынан майлауға арналған жоғары сапалы май өндіретін қытайлық Citic Group, алюминий өнімдерін шығаратын жапондық Nanacans, өсімдік майын өндіретін Marubeni, француздық фармацевтикалық препараттар өндіретін Servier жобаларын атауға болады [10, 366.].

Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны құрылымында Нидерланды (жалпы ТШИ түсуі 39,9 %) көш бастап тұр, одан кейін Франция (7,8), Қытай (5,9), АҚШ (5, кейін 2 %), Ұлыбритания (4,6), Ресей (3,9), Виргин (British) аралдары (3,3) және Жапония (3,1). Қазақстан экономикасына инвестицияны 120-дан астам ел құяды [10, 366.].

Қазақстан 2015 жылғы 30 қарашада ҚР Парламенті міндеттемелер пакетін ратификациялағаннан соң, ДСҰ-ның 162-ші мүшесі болды.

Бұл ұйымға қатысу Қазақстанның инвестициялық жағдайын анағұрлым тартымды етуге мүмкіндік туғызды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Кеден кодексі ДСҰ-ның кедендік рәсімдерін оңайлату жөніндегі конвенцияның негізінде жасалғандықтан, ол ДСҰ-ның негізгі талаптарына жауап береді. Сонымен қатар, кеден заңнамасын ДСҰ Келісімінің кедендік бағалау жөніндегі нормаларына одан әрі сәйкес, сондай-ақ шыққан елі белгіленбеген тауарлар бойынша импорттық кеден баждары мөлшерлемелерін екі есе мөлшерде төлету тәжірибесін алып тастауға қатысты ДСҰ ұсынатын талаптарға сәйкес жасау қажет. Осы мақсат үшін Қаржы министрлігі «Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын әзірлеп, ҚР-ның кеден заңнамасына өзгертулер жасады. Бұл заң кеден органдарының қызметіне халықаралық стандарттарды енгізуге, ҚР-ның кеден заңнамасын Қазақстанның негізгі серіктес мемлекеттерінің заңнамасымен үйлестіруге бағытталды.

Қаржы министрлігі инвестициялық климатты жақсартуға барлық қажет күшін салуда, бұл Елбасымыздың алға қойған Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің қатарына кіру жөніндегі мәселесін орындауға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс қимыл кезеңі» деп аталған Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2020 жыл. [Электронды ресурс] <https://www.akorda.kz/kz/>
2. Бочаров В.В. Инвестиционный менеджмент. Оқу құралы. С-П: «Питер», – 2002. 356с.
3. Шетелдік инвестициялар туралы күшін жойған Қазақстан Республикасының Заңы. 1994 жылғы 27 желтоқсан N 266-ХІІІ Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 373 Заңымен. [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/>
4. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы күшін жойған Қазақстан Республикасының Заңы. 1997 жылғы 28 ақпандағы N 75 Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 373 Заңымен. [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/>
5. "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 қазан N 1322. [Электронды ресурс] [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001322\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001322_)
6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 сәуірдегі N 319 қаулысы. [Электронды ресурс] [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000319_)
7. Асилова А.С. Инвестиция негіздері: Оқулық / А.С. Асилова. – Алматы: «Master Print» баспасы, 2019, 104 б.
8. «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 627 қаулысы. [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627>
9. Донгаров А.Г. Иностраный капитал в России и СССР. М., 1990. С.241
10. Великомыслов Ю.Я. Иностранные инвестиции. Международно-правовое и внутригосударственное регулирование деятельности предприятия с иностранными инвестициями. – 2005. С.320
11. 100 нақты қадам Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>

УДК 348(574)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КАТОЛИК ШІРКЕУІНІҢ МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Құлтайқызы Г.*

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 2 курс магистранты*

**Түйіндеме:** Қазақстанның католиктік шіркеулері – дүниежізілік католиктік шіркеудің бір бөлігі. Мемлекеттегі католиктердің саны шамамен 182,6 мың адамды құрайды, ол шамамен барлық халықтың 1,3% пайызын құрайды. Латын дәстүрінің католиктерінен басқа, мемлекетте грек-католиктік қауымдастықтар да бар.

Қазақстандағы католик шіркеуінің тарихы XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында, Ресей империясы кезінде жалғасын тапты. Қазіргі Қазақстан территориясында қызмет етіп жүрген патша әскерінің әскери қызметкерлері, жер аударушылар, ерікті қоныс аударғандар, Қазақстанға әкелінген әскери тұтқындар және қашқындар католикті ұстанушылар болды. Олардың арасында поляктар, литвалықтар, чехтар, немістер, француздар, латыштар, венгрлер, австриялықтар және басқа да халықтар болды.

XIX-XX ғасырлардың аясында Қазақстанда бірнеше неміс жер аударушы-католиктердің мекендері пайда болды. Кейбір деректер бойынша, солтүстік-батыс Қазақстандағы католик кірістері 1848 жылы бекітілген Тирасполь епархиясының құрамына кірген, оның орталығы Саратов қаласында орналасқан.

90 жылдардың басында, Қазақстандағы Католик Шіркеуін дұрыс функциялау мүмкіндігі туғаннан кейін, 1991 жылдың 13 сәуірінде папа Иоанн Павел II Қазақстан Республикасы территориясында Қарағандылық Апостол Әкімшілігін бекітті. Дәл осы күні, 1991 жылдың 13 сәуірінде Ян Павел Ленга бұл Әкімшіліктің Апостол Әкімшілігі болып сайланды. Қарағандылық Апостол Әкімшілігінің рухани қамқорлығы, Қазақстаннан басқа, Орта Азияда: Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанда уақытша шашылған католик қауымдастықтарына да таралды. Орталығы Қарағандыда орналасқан Апостол Әкімшілігі кеңес кезіндегі, Қазақстан және Орта Азия деңгейіндегі бірінші католик құрылымы болып табылады. Нәтижесінде ол, Архиепархиямен бірге митрополит мінезді заманауи құрылымға айналды, және оған екі Епархия және бір Апостол Әкімшілігі бағынды.

1997 жылдың 29 қыркүйегінде Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан католиктері, ал 1997 жылдың 22 желтоқсанында Қырғызстан католиктері де, - «Sui iuris» (өзінің құқығы) миссиясының мәртебесін алды.

**Кілт сөздер:** миссионерлік, үкімет, саясат, дін, әкімшілік.

### ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАТОЛИЧЕСКОЙ ЦЕРКВИ В КАЗАХСТАНЕ

**Аннотация:** Католические церкви Казахстана являются частью мировой католической церкви. Число католиков в государстве составляет около 182,6 тысячи человек, что составляет около 1,3% от общей численности населения. Помимо

католиков латинской традиции, в государстве существуют и греко - католические общины.

История Католической церкви в Казахстане продолжалась в середине XIX-начале XX веков, во времена Российской империи. Приверженцами католицизма были солдаты царской армии, ссыльные, добровольные переселенцы, военнопленные и беглецы, привезенные в Казахстан, служившие на территории современного Казахстана. Среди них были поляки, литовцы, чехи, немцы, французы, латыши, венгры, австрийцы и другие народы.

В XIX-XX веков в Казахстане появилось несколько поселений немецких католических ссыльных. По некоторым данным, католический приход в северо-западном Казахстане входил в состав Тираспольской епархии, которая была утверждена в 1848 году, а ее центр находился в Саратове.

В начале 90-х годов, после появления возможности правильно функционировать Католической Церкви в Казахстане, 13 апреля 1991 года папа Иоанн Павел II утвердил Карагандинскую Апостольскую администрацию на территории Республики Казахстан. Именно в этот день, 13 апреля 1991 года, Ян Павел Ленга был избран Апостольской администрацией этой администрации. Духовная забота Карагандинской Апостольской администрации, помимо Казахстана, распространялась и на католические общины, временно разбросанные по всей Средней Азии: Узбекистану, Кыргызстану и Туркменистану. Апостольская администрация с центром в Караганде является первой католической структурой в советское время, на уровне Казахстана и Средней Азии. В результате он, вместе с архиепархией, стал современной структурой митрополита, и ему подчинялись две епархии и одна Апостольская администрация.

29 сентября 1997 года католики Узбекистана, Таджикистана и Туркменистана, а 22 декабря 1997 года - и католики Кыргызстана, - получили статус миссии «Sui iuris» (свое право).

**Ключевые слова:** миссионерство, правительство, политика, религия, администрация.

## LEGAL REGULATION OF MISSIONARY ACTIVITIES OF THE CATHOLIC CHURCH IN KAZAKHSTAN

**Abstract:** The Catholic churches of Kazakhstan are part of the universal Catholic Church. The number of Catholics in the state is about 182.6 thousand people, which is about 1.3% of the total population. In addition to Catholics of the Latin tradition, there are also Greek Catholic communities in the state.

The history of the Catholic Church in Kazakhstan continued in the middle of the XIX-early XX centuries, during the Russian Empire. Catholic adherents were soldiers of the Tsarist army, Exiles, voluntary settlers, prisoners of war and fugitives who were brought to Kazakhstan, who served in the territory of modern Kazakhstan. Among them were Poles, Lithuanians, Czechs, Germans, French, Latvians, Hungarians, Austrians and other peoples.

Within the framework of the XIX-XX centuries, several settlements of German Catholic Exiles appeared in Kazakhstan. According to some sources, the Catholic parish in northwestern Kazakhstan was part of the Tiraspol diocese, which was approved in 1848, and its center was located in Saratov.

In the early 90s, after the possibility of proper functioning of the Catholic Church in Kazakhstan, on April 13, 1991, Pope John Paul II approved the Apostolic administration of Karaganda on the territory of the Republic of Kazakhstan. On the same day, April 13, 1991,

Jan Pavel Lenga was elected Apostolic Administrator of this administration. The spiritual patronage of the Karaganda Apostolic administration, in addition to Kazakhstan, also extended to temporarily scattered Catholic communities in Central Asia: Uzbekistan, Kyrgyzstan and Turkmenistan. The Apostolic administration, headquartered in Karaganda, is the first Catholic structure in Soviet times, at the level of Kazakhstan and Central Asia. As a result, it, together with the Archdiocese, became a modern structure with the character of a metropolitan, and it was subordinated to two dioceses and one Apostolic administration.

On September 29, 1997, Catholics from Uzbekistan, Tajikistan and Turkmenistan, and on December 22, 1997, Catholics from Kyrgyzstan received the status of mission "Sui iuris" (their right).

**Key words:** missionary work, government, policy, religion, administration.

Қазақстанның католиктік шіркеулері – дүниежізілік католиктік шіркеудің бір бөлігі. Мемлекеттегі католиктердің саны шамамен 182,6 мың адамды құрайды, ол шамамен барлық халықтың 1,3% пайызын құрайды. Латын дәстүрінің католиктерінен басқа, мемлекетте греккатоликтік қауымдастықтар да бар.

Католик миссионерлерінің заманауи Қазақстан территориясына келуі туралы деректер XIII ғасырға жатады. 1245-1247 жылдары франциск монахтары: Рим Папасы Иннокентий IV легаты, италияндық Джованни дель Плано Карпини және оның елші бауыры Бенедикт Моңғолия империясына саяхат жасады. Франциск Гильом де Рубруктың 1253-1255 жылдары Мұңке ханға бағытталған мақсаты Франция патшасы Киелі Людовик IX және моңғол хандары арасындағы байланыстың қорытындысы болды. Бұл мақсат Орталық Азия туралы еуропалықтардың білімін кеңейтуге және миссионерлік іс-әрекеттің басталуына алып келді. Бұл жердегі басты рөл францисктерде болды. 1278 жылы Папа Николай III Қазақстанның қазіргі территориясы мен Орта Азияға миссияны франциск орденіне тапсырды. Францисктілер Дешті Қыпшақ территориясында (Жетісудан басқа, қазіргі Қазақстан территориясын алып жатқан тарихи аймақ) өмір сүрді. Берке ханның мұрагері Мөңке-Тимурдан кең көлемді мүмкіндіктер алды. Олар кейіннен Тоқтай және Өзбек хандармен де бекітілді, сонымен қатар францисктіклер әскери қызметтен және барлық салықтардан босатылды. 1289 жылы Папа Николай IV XIII-XIV ғасырларда Азияға жіберген ірі католиктік миссионерлердің бірі – францисктікшілік Джованни Монтекорвино болып табылады. Жаңа Өсиеттің және Псалтырьдың моңғол тіліне аудармасы мен Ханбалықтағы (қазіргі Пекин) католиктік архиепархия-митрополия негізінің қалануы Джованни Монтекорвиноның іс-әрекетімен байланысты. XIII-XIV ғасырлардың шегінде францисктікшілер «Codex Cumanicus» деген латын-парсы-түрік сөздігін құрастырды.

XIV ғасырдың басында Ханбалық митрополиясының негізінде Шағатай ұлысының астаналарының бірінде – Алмалықта (оның қалдықтары қазіргі Алматыдан шығысқа қарай шамамен 300 шақырымда орналасқан) католиктік епархия орнатылды. Карлино де Грассис епархияның бірінші епископы болды. XIV ғасырдың 30-жылдары Алмалықта франциск монастырының негізі қаланды. Осы уақытта Папа Иоанн XXII «Laetanter de vobis» деген хатты «Ұлы хан Хансидың көмекшілері – Карасмон және Йоханға» жіберді. Олар кейіннен христиан дінін қабылдады. Папа оларға епископ Ришар Бургундскийді қорғап жүруді тапсырды. Ришар Бургундский «кемелдің күйеуі» ретінде таныстырылған және «Құдай Атына арналған өте әдемі шіркеу салынған» Алмалықта епископ болып сайланды. Алмалық епархиясы оған жақсы қараған ханның

өліміне дейін гүлдеп тұрды. Содан кейін Алмалықта христиандарды қудалау басталды. 1340 жылы епископ Ришар Бургундский және 6 францисктік монахтар (сонымен қатар, 3 уағыздаушы) өлтірілді. Содан кейінгі ғасырларда Қазақстан территориясында католик белгілері көрінбеді. [1]

Қазақстандағы католик шіркеуінің тарихы XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында, Ресей империясы кезінде жалғасын тапты. Қазіргі Қазақстан территориясында қызмет етіп жүрген патша әскерінің әскери қызметкерлері, жер аударушылар, ерікті қоныс аударғандар, Қазақстанға әкелінген әскери тұтқындар және қашқындар католикті ұстанушылар болды. Олардың арасында поляктар, литвалықтар, чехтар, немістер, француздар, латыштар, венгрлер, австриялықтар және басқа да халықтар болды.

Қазақстандағы католик приодтары сол кезеңде Могилев архидиоцезасының (архиепархия) құрамында болды. Көбінесе солтүстік Қазақстанда өмір сүрген діндарлар бастапқыда Омбы кірістерінің уағыздаушыларынан қызмет алды, олардың көп уақыт бойы өздерінің жеке шіркеулері мен кішкентай шіркеулері болмады.

XIX-XX ғасырлардың аясында Қазақстанда бірнеше неміс жер аударушы-католиктердің мекендері пайда болды. Кейбір деректер бойынша, солтүстік-батыс Қазақстандағы католик кірістері 1848 жылы бекітілген Триасполь епархиясының құрамына кірген, оның орталығы Саратов қаласында орналасқан.

Католик ғибадатханаларының Қазақстандағы құрылысы XX ғасырдың басында басталды. Оның куәсі ретінде Петропавл қаласында орналасқан киелі Иисустың Жүрегіне арналған католик ғибадатханасының сақтаулы түрі бар. Католик кірістерінің іс-әрекетін активациялауда көрініс тапқан белгілі бір бетбұрыс, 1905 жылдың 17 сәуіріндегі дінге шыдамдылық туралы Николай II-нің Жарлығынан кейін болды. Осыған орай, Католик Шіркеуінің құқығы Православтармен бірдей болды, және кірісті ұйымдастыру үшін католиктерге Православ Шіркеуінің иерархтарынан рұқсат сұраудың қажеті жоқ болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанға католик әскери тұтқындар мен қашқындар көптеп келді. Қазақстандағы кейбір католиктік кірістердің саны көп болды. Мысалы 1917 жылы Петропавл қаласындағы католик кірісінде неміс, поляк және литвадан шыққан діндарлардың саны 5000-ға жуық болды. Қостанай кірісінде көптеген сиынатын үйлер мен 6000-ға жуық католиктер болды. Шығыс Қазақстанда орналасқан неміс колониясы Мариенбургте (Переменовка) 4000-дай католик есепке алынған. Осы және басқа да шіркеулік бірліктер Могилев епархиясының Омбы деканаты құрамына кірді. Осы епархияның Ташкент деканатына оңтүстік Қазақстанда құрылған кішкентай шіркеулер жатты: Верный қаласында (Алматы) орналасқан әулие Михаил Архангелге арналған ағаш шіркеу, Жаркент қаласында (Жетісу облысы) орналасқан Әулие Мария Анаға арналған тастан жасалған шіркеу, Қапал қаласында (Жетісу облысы) орналасқан әулие Рафаил Архангелге арналған шіркеу. [2, б. 225]

Большевиктер революциясынан кейін, Қазақстандағы барлық католик кірістері жабылды, ал рухани адамдар мен белсенді діндарлар репрессияға ұшырады. Көптеген кірістердің жоғалуы поляктардың Польша және Украинаға оралуымен байланысты болды.

1917 жылы Октябрь революциясынан кейін Католик Шіркеуі, басқа діндермен қатар, өте қатал қуғынға ұшырады. КСРО-да католиктік шіркеулік-әкімшілік құрылымдардың барлығын түгелдей жою жүреді. Сонымен қатар, латын және византия дәстүрлерінің католиктік иерархиясын да жою жүреді. Тірі қалған уағыздаушылар лагерьлерге жіберіліп, қуғынға ұшырады.



Сталиндік репрессияның нәтижесінде, католиктер, көбісі неміс, украин және поляк ұлттарының азаматтары, Қазақстанға лагерьлерге алып келінді және қудалауға ұшырады, олардың көбісі қайтыс болды. Епископ Никита Будка және уағыздаушы Алексей Зарицкий, екі қасиетті қиналушылар әулиелер қатарына жатқызылды және қазіргі таңда мемлекетті қорғаушы әулиелердің бірі болып табылады.

Лагерьлерде жазасын өтеген көптеген уағыздаушылар жергілікті католиктерге қызмет көрсету үшін Қазақстанда қалды.

Осы уақытта Қарағандыда Александр Штауб (1961 жылға, өліміне дейін), Владислав Буковинский (1974 жылға, өліміне дейін), Михаил Стонец (Стонес) қызмет етті.

Қарағанды қаласында греккатоликтік уағыздаушылар да қызмет атқарды: жоғарыда айтылған Алексей Зарицкий, оны митрополит Иосиф Слипый резиденциясы Қарағандыда орналасқан Қазақстанның греккатоликтеріне Апостол Визиторы етіп сайлады, содан кейін Дмитрий Кузьминский (1964 жылға, өліміне дейін), епископ Александр Хира (1983 жылға, өліміне дейін), Николай (Иосиф) Шабан, Стефан Пришляк және т.б. басқалары. Тиым салуға қарамастан, греккатолик уағыздаушылары византия және латын дәстүрлерінің католиктері арасында шіркеулік қызмет жасады.

Алматы қаласында Юрий (Георг) Потерейкоқызмет етті. Ақтөбеде - Томас Гумпенберг. Қостанай қаласында Александр Бень қызмет етті. Жезқазғанда қызмет еткендер: греккатолик уағыздаушысы Куцах Василий Николаевич және Онцулис (Ойсукульс) Петерис (Петр). Сараньда - Франц (Пранас) Адомайтис және греккатолик Василий Карушенко (Ларушенко). Красноармейскіде (Тайыншыда) Иосиф Кучинский қызмет етті. Жасыл Гай ауылында (Ақмола облысы) - Бронислав Джепецкий Қазақстанның басқа жерлерінде қызмет еткендер: Алоизий (Серафим) Кашуба, Августин (Антоний) Станканинец және т.б. Қазақстанда, уағыздардан бөлек, қарапайым халық та христиан дінінің куәлары болып табылды. Олардың ішінен Гертруда Детцельді айрықша атап өтуге болады, ол Қарағанды қаласындағы католиктердің діни өмірін ұйымдастыруда көп еңбек етті. Қарағандыдан шыққан Новосибирск епископы Иосиф Верт, осы әйелдің беатификациялау процесін бастады. Дәл осы діндарлардың ерлік еңбегі Қазақстандағы Католик Шіркеуінің қайтадан қалыптасуының себебіне айналды.

Қарағанды Қазақстан және Орта Азия католиктері үшін кеңестік кезеңде рухани орталық болды. 1977 жылға дейін құдайға қызмет көрсету құпия түрінде жүргізілді, 1977 жылы Қарағанды қаласында католик кірісін салуға рұқсат берілді. Кеңес биліктерінен ресми рұқсат алып, уағыздаушы Альбинас Думбляускас пен греккатолик епископы Александр Хироймен бірге діндарлар 1978 жылы әулие Иосифке арналған ғибадатхана салды. Қарағанды қаласында Альбинас Думбляускас еркектерге арналған жерасты новициат жасады. Олардың тәрбиеленушілері кеңес заманының өзінде Ригадағы католиктік рухани семинарияда оқи бастады. Альбинас Думбляускаспен бірге Қарағандыға бірнеше монах әйелдер келді. Альбинас Думбляускас әкей сонымен қатар, Евхаристиядағы Иисусқа қызмет көрсетуші сіңлілер Конгрегациясынан да монах әйелдерді Қарағандыға шақырды және оларға жергілікті борыштарды берді. Қарағандыдан Евхаристтерге 26 монах әйелдер түсті.

Кеңес заманының соңында, қазақстанның өзінен шыққан уағыздаушылар мен монах әйелдер Қазақстандағы осы дін куәларының орнына келе бастады.

90 жылдардың басында, Қазақстандағы Католик Шіркеуін дұрыс функциялау мүмкіндігі туғаннан кейін, 1991 жылдың 13 сәуірінде папа Иоанн Павел II Қазақстан

Республикасы территориясында Қарағандылық Апостол Әкімшілігін бекітті. Дәл осы күні, 1991 жылдың 13 сәуірінде Ян Павел Ленга бұл Әкімшіліктің Апостол Әкімшілігі болып сайланды. Қарағандылық Апостол Әкімшілігінің рухани қамқорлығы, Қазақстаннан басқа, Орта Азияда: Өзбекстан, Қырғызстан және Түркменстанда уақытша шашылған католик қауымдастықтарына да таралды. Орталығы Қарағандыда орналасқан Апостол Әкімшілігі кеңес кезіндегі, Қазақстан және Орта Азия деңгейіндегі бірінші католик құрылымы болып табылады. Нәтижесінде ол, Архиепархиямен бірге митрополит мінезді заманауи құрылымға айналды, және оған екі Епархия және бір Апостол Әкімшілігі бағынды. [3]

1995 жылдың тамызынан бастап «Кредо» деген ай сайынғы газет шығарыла бастады.

1997 жылдың 29 қыркүйегінде Өзбекстан, Таджикистан және Түркменстан католиктері, ал 1997 жылдың 22 желтоқсанында Қырғызстан католиктері де, - «Sui iuris» (өзінің құқығы) миссиясының мәртебесін алды.

1997 жыл 7 қазан – Қарағанды қаласында католиктік Рухани Семинарияның Redemptoris Mater (seminary) ресми негізделуі. Ол 1998 жылы 16 шілдеде толығымен жаңартылды және «Мария – Шіркеудің Анасы» деген атқа ие болды.

1998 жылдың 7 сәуірінде Қарағанды қаласында Жалаңаштарды Тамақтандыру ғибадатханасы ашылды. Ол Киелі үштікке және Мария Ананың бейкүнә екіқабат болуына арналған.

Калькутан Тереза Ананың монах әйелдері кедейлермен жұмыс жасау үшін 1998 жылдың 5 қазанында Қарағанды облысына келді.

«Ad aptius consulendum» папа булласы 1999 жылы 7 маусымда Қазақстандағы Апостол Әкімшілігін Қазақстанның Қарағанды және Шығыс-Қазақстан облыстарында Қарағанды епархиясына өзгертті, сонымен қатар, үш жаңа Апостол әкімшілігін құрды: Астана, Алматы және Атырау.

Қазақстандағы Католик шіркеуі үшін маңызды сәт – 2001 жылдың 22-25 қыркүйек аралығында папа Иоанн Павел II-нің мемлекетке келуі.

Орталығы Қарағандыда орналасқан греккатоликтік Апостол елшілігінің құрылымы дамуда. 2002 жылдың 8 қазанында Киелі Престол уағыздаушы Василий Говераны «Киелі Богородица Жабыны» деген греккатолик кірістің попы ретінде, Қазақстан және Орта Азиядағы шығыс дәстүрдің барлық католиктерінің Апостол Елшісі болып тағайындалды. 2005 жылдың 18 қыркүйегінде уағыздаушы Василий Говера митрофорлы протоиерей атағын алды, және осы сипатта Сәтпаев қаласындағы греккатолик ғибадатханасын сәулелендірді. Қазақстанда 5 греккатолик кірістері жұмыс атқарады: Қарағандыда, Астанада, Павлодарда, Шідерті мен Сәтпаевта.

Беатификацияға кандидаттар тізімінде: жоғарыда айтып өткен епископ Александр Хира және уағыздаушы Владислав Буковинский, сонымен қатар 2002 жылы Қарағандыда қайтыс болған уағыздаушы Бернардо Антонини.

Қазіргі таңда Қазақстандағы Католик шіркеуі, орталығы Астанада орналасқан, Киелі Мария Ананың Архиепархия-митрополиясынан, екі суффраган епархиясынан – Қарағанды және Алматыдағы Киелі Үштік Епархиясы, сонымен қатар Атыраудың Апостол Әкімшілігінен тұрады. Архиепархия-митрополияны архиепископ Томаш Пэта басқарады. Осыдан бөлек, Қазақстан және Орта Азия территориясында митрофор протоиерей Василий Говераның басшылығымен греккатоликтерге арналған Апостол елшілігі жұмыс атқарады.

Католик ордендері мен конгрегациялары – редemptористер, францисктер, мариандар, иезуиттар және т.б. мемлекетте бірнеше іс-шаралар ұйымдастыруда. Уағыздаушылардың ортақ саны – 72 адам, кірістердің ортақ саны – 50 (2004 жылғы мәліметтер).

Алайды католик қауымдары тек XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында ғана құрыла бастады, бұл Сібірге және Қазақстанның солтүстік облыстарына 1863 жылғы Ресейге қарсы көтеріліске қатысқан поляктарды жаппай жер аударуға, сонымен қатар неміс католиктерінің, латыштардың көшуі елеулі роль атқарды. Қазақстанда ол кезде католик қоғамдары Могилев архидиоцез құрамына кірді.

1972 жылы ғана алғашқы қауым Қарағандыда тіркелді. 1977 жылы қоғам ресми тіркеуден өтті және шіркеу салуға рұқсат алды. 1958-1959 жылдары қауымның Целиноградта ресми тіркелудің бастапқы адымы басталып, тек 1979 жылы ғана қоғам тіркеліп тұрғын үйді храм ретінде қайта жабдықтау мүмкіндігіне ие болды. Кейінірек, 1991 жылы Ватикан осында Қазақстан мен Орта Азияда Апостолдық әкімшілік құрып, епископ тағайындады. Оның құрамына Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстан кірді. Орталығы Қарағанды қаласы болды. Қазіргі уақытта Орта Азиялық махаллалар Қазақстанның Апостолдық әкімшілігінен шығарылды. Сөйтіп, енді Қазақстанда дербес епикопат жұмыс істейтін болды.

1994 жылғы Қазан айында Ватикан мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық келісімге қол қойылды. Алматыға тез арада Ватикан елшісі – апостол нунцийі – архиепископ Мариан Олесь келді. Қазақстанда елшісін тағайындау арқылы Ватикан біздің елімізге деген құрметін, жылы қарым-қатынасын таныты. [4, б. 11]

Біздің еліміздің Президентінің 1998 жылғы Ватиканға сапары және Ватикан мен Қазақстан арасындағы өзара қарым-қатынас туралы келісімге қол қойылуы осы екі ел арасындағы қатынастардың дамуын көрсететін маңызды қадам болды. Бұрыннан Қазақстанда өмір сүріп келе жатқан конфессиялардың бірі – католик шіркеуін біздің мемлекетіміздің тануы тарихи құжаттың маңызын арттыра түсті.

Қазақстанда униаттар (грек-католик қауымдастықтар) да бар. Көбінесе олар Батыс Украинадан қоныс аударып келгендердің шағын топтары және олардың үрім-бұтақтары болып келеді. Өздерінің діни ілімінің бағыты бойынша униаттар культтік тәжірибе және діни қызметтер үшін жергілікті тілдің қолданылуына қарсылық білдіргенмен, Рим папасының діни билігін және католицизмнің негізгі қағидаларын мойындайды және олардың негізгі бөліктері католиктердің ғибадаттық жиналыстарына қатысады. Тек Павлодар мен Қарағанды қалаларының униаттары дербес қауымдарын құрып, онда діни қызметтерін украин тілінде жүргізетін болды. Павлодар қаласында, мұнда 2001 жылы шіркеу ғимараты салынды; Астана, Қарағанды қалаларында Греко-католик монастырлері бар. 1997 жылдан бері Қарағанды қаласында «Мария - Матерь Церкви» жоғары рухани семинария қызмет етеді, 1995 жылдан бері 4 мың дана санда «Кредо» ай сайынғы газет шығып тұрады. Өзінің бірнеше мың ғасырлық дәстүріне сәйкес католик шіркеуі Қазақстанда қайырымдылық қызметін дамытып келеді, шіркеулер жанында тұрмысы нашарларға асхана, тегін дәріханалар ашылған. Алматы облысы, Талғар ауданында мүгедектер үйі, Қапшағайда - балалар үйі ашылған. 1997 жылы Қазақстанда «Каритас» халықаралық қайырымдылық католиктік ұйым филиалы жұмыс істей бастады.

Алматы, Қарағанды, Көкшетау және Астана қалаларында костел-ғибадатханалар салынды. Қарағанды қаласында діни семинария, ал Солтүстік Қазақстан облысының Корнеевка селосында христиандық бастауыш мектеп ашылды. Католиктердің өмірінде ғана емес, бүкіл қазақстандықтар үшін 1988 жылы Көкшетау облысының Озерный

ауылындағы Волынск шоқысында қуғын-сүргін құрбандарына арналып ескеркіш ашылғаны есте қаларлық оқиға болды. Ол биіктігі жиырма метр шармық түріндегі ескерткіш католик махаллаларының жинаған қаржысына салынған-ды.

Қазақстан Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жоғары деңгейде Рим Папасымен кездесуінің тарихи маңызды қорытындысы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қасиетті Тақ арасында өзара ынтымақтастық туралы Келісім болды, оған 1998 жылы 24 қыркүйекте қол қойылып 1999 жылғы 30 шілдеде ұзартылды. Қазақстан мемлекетінің басшысы - бұрынғы Кеңес Одағының елдерінің ішіндегі ең бірінші осындай саяси адым жасаған бірінші Президент.

Екі мемлекет арасында ынтымақтастықтың қамтушысы 2001 жылы қыркүйек айында біздің елге Папа Иоан Павел II келуі болды, ол кезінде ол Мемлекет басшысына Қазақстан діндері арасында бейбітшілік пен рухани келісімді, тұрақты қарым-қатынасты сақтай білгені үшін алғысын білдірді. Қасиетті Тақ пен Қазақстан Республикасы арасында өзара қарым-қатынасты әрі қарай дамытудың кепілі Н. Ә. Назарбаевтың Пия орденімен - жоғары сыйлықпен марапатталғаны болды, әлемде оған тек 15 адам қол жеткізген. Өзінің Ватикан билігінде болған кезеңі ішінде Қазақстан Рим папасы сапармен барған 127-ші мемлекет, ал кеңес дәуірінен кейінгі алтыншы (Литва, Латвия, Эстония, Грузия және Украина елдерінен кейін) ел болды. [5]

2006 жылғы 15 қыркүйекте Қасиетті Папа Бенедикт XVI Администратор Януш Калетаны Титулды Епископ ретінде тағайындады.

Католик бірлестіктерінің арасында оң қалыпты 2007 жылы маусым айында Қазақстан Республикасына Вашингтонның экс-архиепископі, Рим-католик шіркеуінің кардиналы Теодор Эдгар МакКерриктің (АҚШ) келуі тудырды. Сапары барысында кардинал Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарына келді, онда діндар католиктермен кездесті.

Тамыз айының 6-нан 10-ына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Озерное ауылында Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан өңірлерінің католик жастары өкілдерінің кездесуі өткізілді. Ис-шараға Польшадан, Франциядан және Швейцариядан келген қонақтар қатысты.

Сондай-ақ католиктердің діни өмірінде елеулі оқиғалардың ортасында Павлодар қаласында Орта Азия мен Қазақстан бойынша Грек-католик шіркеуінің басшысы В. Говердің, Астана мен Қарағанды қауым басшыларының, мемлекеттік органдар өкілдерінің, Павлодар облысының украин ұлттық - мәдениет орталығының лидерлері және шіркеу мүшелерінің қатысуымен 12 шілдеде «Әулие Петр мен Павел» қауымында өткен Грек-католик қауымының құрылғанының 17 жылдығын тойлауды атап кетуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандағы католицизм — Уикипедия (wikipedia.org) [электронды ресурс] <https://kk.wikipedia.org/wiki/> 2020 ж. ақпанның 15
2. Абусейтова М.Х., Абылхожин Ж.Б., Кляшторный С.Г. и др. История Казахстана и Центральной Азии. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 616 с.
3. Абуев К.К. Кокшетау. Исторические очерки. Кокшетау, 1997.
4. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері (Оқу құралы). Алматы: «Санат», 1994. – 120 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

УДК 340.13 ( 574)

**«ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІ» МЕН «ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІ»  
ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ***Мусабаета Н.**Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

**Түйіндеме:** заң шығарушылық қызмет заң шығару процесіне қарағанда біршама көлемді құбылыс, себебі соңғысы (заң шығару процесі) заң жобаларының қозғалысының белгіленген тәртібімен шектелген және заң шығару қызметінің процедуралық жағын білдіреді, көрсетеді.

Тікелей мағынада заң шығару процесі республика парламенті қабырғасында басталатын, жүзеге асырылатын қызметтерді қамтиды. Ол еліміздің негізгі заңында бекітілген. Қазақстан республикасының конституциясының түсіндірме сөздігінде белгіленгендей, ол заң шығару бастамасын оның субъектілерімен жүзеге асыру құқығынан, яғни заң жобасын мәжіліске енгізуден басталады.

Ал, заң шығару қызметі одан кең болғандықтан заң шығарушы органға дейінгі әрекеттерді қоса қамтиды, демек ол Парламент қызметінің шегімен шектелмейді.

Заңнамалық реттеудің шегі нақты айқындалмағанына қарамастан жекелеген мәселелердің маңызын жоғары қою үшін белгіленген шектерді бұзуға деген ұмтылыстар әлі де орын алуда. Соның салдарынан заң шығару қызметі тақырыптық жағынан тарылып, заңдар арқылы ведомстволық, салалық, өңірлік және басқа да мемлекеттік ауқымнан тыс мүдделерді қанағаттандыру үрдісі туындауы мүмкін.

**Кілт сөздер:** заң шығару қызметі, заң шығару процесі, Парламент, Мәжіліс, Сенат, Конституция, заң шығарушы орган, Заң шығару бастамашылығы, заңшығару процесінің сатылары.

**СООТНОШЕНИЕ ПОНЯТИЙ «ЗАКОНОТВОРЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ»  
И ЗАКОНОТВОРЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС»**

**Аннотация:** В статье рассмотрены общие закономерности, понятия, признаки, принципы, юридические и иные средства, методы, механизмы, в комплексе определяющие сущность и содержание законотворческой деятельности как юридического явления.

Понятие законотворческая деятельность намного шире понятия законотворческого процесса. Законодательный процесс состоит из нескольких последовательных стадий. Эти стадии обладают логической последовательностью. Можно не ошибаясь охарактеризовать законодательный процесс как процедуру принятия правовых актов. Законодательный процесс - это совокупность отношений и действий, реализующихся в деятельности высшего представительного органа, обладающего правом осуществления законодательной власти. Такое понятие охватывает процедурную деятельность законодательного органа с момента включения проекта закона в повестку дня сессии до его обсуждения и принятия. Законодательная деятельность - это совокупность организационных действий полномочного государственного органа по рассмотрению и исследованию законопроекта.

Законотворческий процесс в стенах законодательного органа охватывает действия по проекту закона. А законотворческая деятельность охватывает все действия до законодательного органа, значит ограничивается деятельностью Парламент.

Законотворческая деятельность представляет собой систему законотворческих действий и операций, объединенных в определенные этапы и стадии.

**Ключевые слова:** Законотворческая деятельность, законотворческий процесс, Паламент, Мажилис, Сенат, Конституция, законодательный орган, законодательная инициатива, стадии законотворческого процесса.

### **CORRELATION BETWEEN THE CONCEPTS OF «LEGISLATIVE ACTIVITY» AND "LEGISLATIVE PROCESS»**

**Annotation.** The article examines general patterns, concepts, signs, principles, legal and other means, methods, mechanisms, which together determine the essence and content of lawmaking as a legal phenomenon.

The concept of lawmaking is much broader than the concept of lawmaking. The legislative process consists of several successive stages. These stages have a logical sequence. It is possible not to be mistaken to characterize the legislative process as a procedure for the adoption of legal acts. The legislative process is a set of relations and actions that are implemented in the activities of the highest representative body that has the right to exercise legislative power. This concept covers the procedural activities of the legislative body from the moment a draft law is included in the agenda of a session until its discussion and adoption. Legislative activity is a set of organizational actions of the authorized state body for the consideration and study of a draft law.

The legislative process within the walls of the legislative body covers actions on the draft law. And legislative activity covers all actions up to the legislative body, which means that it is limited by the activities of the Parliament.

Legislative activity is a system of legislative actions and operations, united in certain stages and stages.

**Keywords:** Legislative activity, legislative process, Parliament, Mazhilis, Senate, Constitution, legislative body, legislative initiative, stages of legislative process.

Заңдар күрделі қызмет нәтижесінде дүниеге келеді және әрекеттегі заңнамаға қосылады. Ол күрделі қызмет жалпы түрде заң шығармашылығы деп аталады. Заң шығармашылығы құқық құру процесін аяқтайтын, нәтижесінде заңдар заңи күшке ие болатын және әрекет етуге кірісетін құзыретті органдардың қызметін білдіреді. Заң шығармашылығы құқықтық реттеу жүйесінде негізгі бір орталық орынды алады. Ол қоғам өміріне қажет нормаларды өмірге әкеліп, кемшілік-кемістігі барларын өзгертіп, уақыты жеткенін жаңарта отырып, барлық қоғамдық, мемлекеттік институттардың құқықтық негізін жасайды. Демек, заң шығармашылығы – қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің, қоғам дамуының барлық процесінің негізгі, маңызды буыны деп айтуға болады.

**Заң шығармашылық** – бұл өте күрделі қызмет. Заңдарды жасау, қабылдау белгілі бір процедураның, яғни заң шығару процесінің болуын шамалайды. Ал, заң шығару процесі – бұл заң жобасын енгізу, өңдеу, қабылдау жөніндегі сатылардың

кезектілігі, жүйесі. Кеңес заманында және одан кейін де «заң шығару қызметі» мен «заң шығару процесі» түсініктерін бөле жара қарап, олардың жігін ашуға ұмтылатын пікірлердің кездесіп отыратын жайлары бар.

Заң шығару процесінің шегі мен сатылары «заң шығару процесі» терминінің дұрыс ұғынылуына байланысты болғандықтан оның шегін анықтауды осы екі ұғымдарды бөлетін, көлемін салыстыратын пікірлерге біраз тоқталып, талдау жасаудан бастағанды жөн көрдік. Олай болса, заң шығару қызметі мен заң шығару процесін ажырататын ғалымдардың бірі – кеңестік ғалым ш.к. вильчинскас. Оның есептеуінше заң шығарушылық қызмет заң шығару процесіне қарағанда біршама көлемді құбылыс, себебі соңғысы (заң шығару процесі) заң жобаларының қозғалысының белгіленген тәртібімен шектелген және заң шығару қызметінің процедуралық жағын білдіреді, көрсетеді [1,18].

Байқап отырғанымыздай, заң шығару процесі заң шығарушы орган қабырғасында заң жобасы бойынша жүргізілетін әрекеттерді қамтиды. Ал, заң шығару қызметі одан кең болғандықтан заң шығарушы органға дейінгі әрекеттерді қоса қамтиды, демек ол Парламент қызметінің шегімен шектелмейді.

«Заң шығару процесі» мен «заң шығару қызметін» бөлетін ғалымдардың келесі бірі – И. Елекеев. Оның пікірі Ш.К. Вильчинскастың пікіріне қарсы келеді. Нақты айтсақ, ол заң шығару қызметін заң шығару процесінің негізгі бөлімі ретінде қарайды, яғни заң шығару процесін заң шығару қызметіне қарағанда кең, көлемді құбылыс деп есептейді және ол өз пікірін заң шығару процесінің мына қызметтерден: әлеуметтік қатынастардың белгілі бір тобын құқықтық реттеуге деген қоғамдық қажеттіктерді анықтау, оларды құқықтық реттеудің бағыттылығы мен тәсілдерін негіздеу, заңды қабылдаудың нәтижелерін болжау т.б. әрекеттерді қамтитын заң шығаруға дейінгі қызметтерден басталатындығымен, ал заң шығару қызметінің заң жобасын Парламентке енгізгеннен басталып, промульгациямен, яғни мемлекет басы заңға қол қойып оны жариялаумен аяқталатындығымен дәлелдейді.

Тиісті автор бұл дәлелдемесіне сәйкес заң жобасын енгізгенге дейінгі әрекеттерді заң шығару процесіне қоса отырып, оны заң шығару қызметінен көлемді, кең жағдайға қояды. Біз алғашқы және кейінгі ой-пікірлерді қоса, жалпы заң шығару қызметі мен заң шығару процесін бөлетін, көлемін салыстыратын көзқарастарды дұрыс деп құптай алмаймыз. Себебі, олар өзара байланысты, бірінсіз екіншісі болмайтын, ажырамас құбылыстар. Ал, Парламент қабырғасына дейін болатын әрекет-қызметтерді жалпы заң шығармашылығынан тыс қалдырмай, оларды заң шығару процесіне байланыстырып, жалпы заң шығару процесі ұғымын екі мағынада түсінуді қарастырамыз: тікелей мағынада және кең мағынада.

Тікелей мағынада заң шығару процесі Республика Парламенті қабырғасында басталатын, жүзеге асырылатын қызметтерді қамтиды. Ол еліміздің негізгі заңында бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясының түсіндірме сөздігінде белгіленгендей, ол заң шығару бастамасын оның субъектілерімен жүзеге асыру құқығынан, яғни заң жобасын Мәжіліске енгізуден басталады. Олай болса, тікелей мағынада заң шығару процесі – бұл Парламенттің заңдар шығаруға бағытталған қызметтерінің жинақталған, кезектілікпен жүзеге асырылатын сатылары, тәртібі. Заң шығару бастамашылығы құқығы оның бірінші сатысы болып табылады. Тікелей мағынада заң шығару процесі: біріншіден, Парламенттің заң шығару қызметінің процессуалдық жағын білдіреді, екіншіден заң шығару жөніндегі әрекеттердің бір-бірімен жалғаспалы байланысы және кезектілікпен жүріп отыруының реті болып табылады, үшіншіден, ол Конституциямен, заңдармен, регламенттермен нормативті

реттелген сатыларды көрсетеді. Оның нормативті реттелуіне көз салсақ, заң шығару процесі (тікелей мағынада) – бұл заң жобасын Парламентке енгізгеннен басталып оны жариялаумен аяқталатын нормативтік процедуралар. Бұл процедуралар Конституция нормаларынан өзге «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңмен, Парламент, Сенат және Мәжіліс регламенттерімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентімен реттелген. Сондай-ақ, Конституцияның 62-бабының 8 тармағында Республиканың заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен реттеледі деп белгіленген. Ал, мұндай арнаулы заң болып «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының заңы табылады [2]. ҚР конституциялық құқығының негізгі қайнар көзі ретінде Республика Конституциясы заң шығару процесінің негіздерін белгілейді және заң шығару бастамасы құқығы субъектілерінің шегін анықтайды. «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңда Конституцияда бекітілген негіздер кең ашылған және нақтылана түскен [3].

Кең мағынада заң шығару процесі Парламент Мәжілісінде заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асырудан басталатын әрекеттерден өзге оған дейін болатын, нақты айтсақ заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асырғанға дейін атқарылатын әрекеттерді де қамтиды. Парламент шегінде болатын қызметтер, жоғарыда аталғандай Мәжіліске заң жобасын енгізуден бастап, заңды жариялаумен аяқталатын іс-қимылдар болса, оған дейін жасалатын әрекеттер – бұл заңи реттелуге деген қажеттіліктерді анықтау, оларды зерттеу, заңды қабылдауға себепші болатын, ықпал ететін жағдайларды бағалау, заңды қабылдаудың мүмкін нәтижелерін саралап, салмақтау, заң жобасын жасау, оны сараптамадан өткізу, келістіру және тағы басқалары. Олай болса, заң шығару процесін кең мағынада түсіну оның екі кезеңді: Парламентке дейінгі және Парламенттік кезеңді қамтитындығын көрсетеді.

Заң шығару процесі – бұл субъектілерінің бірі заң шығарушы орган болып табылатын құқықтық қатынастарда жүзеге асырылатын әрекеттер. Ал, бұл әрекеттер үшін заң шығарушы органның қатысуы міндетті. Бұдан байқайтынымыз, тиісті көзқарасты қолдаушы ғалымдар заңдарды жасау процесін заң шығарушы органның қызметінің шеңберімен шектейді. Заң шығару процесін білетін адамға мұндай пікірдің жеткіліксіз негізделгенін байқау қиын емес. Себебі, заң шығару процесі жобаның заң шығарушы органда ғана өтуі процедурасымен бітпейді. Бұл түсінік бойынша заң шығару процесінің шеңберіне заңға қол қою, жариялау секілді ең бір маңызды кезең қосылмайды. Заңдарды ресми жариялау заң шығару процесінің соңғы, қажетті кезеңі. Онсыз заң шығару процесі аяқталды деп есептелмейді, онсыз заң күшіне енбейді.

Заңгер ғалымдардың айтуы бойынша құқық шығармашылықтың бірінші сатысы – мемлекеттік еркін алдын-ала қалыптастыру (жобаны дайындау). Бұл саты жобаны дайындау туралы шешімді қабылдау және сол шешім алдын-ала дайындау жоспарында көрініс табады. Құқық шығармашылықтың екінші сатысы құқықты шығаратын органның тікелей жұмысынан басталады. Екінші саты – мемлекеттің билігін заңға енгізу, яғни оны нысанға айналдыру. Бұл жобаны ресми түрде заң шығарушы органға енгізуден басталады. Қабылданған заңды ресми жариялау – заң шығару процесінің қорытынды кезеңі. Қабылданған заңды ресми жариялау арнайы органдарда жүзеге асады [4,328].

Осы орайда, заң шығару қызметін жетілдіру мақсатында Премьер-министрдің Өкімін жарияласақ орынды болар еді. Оның мағынасы мынандай:



«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

- орталық атқарушы органдардың заң шығару қызметін тиісінше үйлестіру;
- заң жобаларының заңдық сараптамасының сапасын арттыру және әзірленетін заң жобаларының Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына және өзге де заңдарға сәйкестігін қамтамасыз ету;
- дағдарысқа қарсы шараларды құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін егжей-тегжейлі пысықтау;
- заң жобаларының тұжырымдамаларын жан-жақты және кешенді пысықтау;
- заң жобалары ғылыми сараптамасының сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жүргізу;
- Қазақстан Республикасы заңдарының мониторингін жылдам енгізу мәселесін пысықтау;
- Заң жобалау жұмыстарының 2009 жылға арналған жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;
- болжау-талдау жұмысын жақсарту және заң жобалау қызметін жоспарлау;
- тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Үкіметіне орталық атқарушы органдардың ағымдағы заң шығару қызметіндегі проблемалық мәселелер туралы ақпарат беру жолымен заң шығару қызметінің сапасының қамтамасыз етілуін бақылауды күшейтсін» - деп көрсетілген [5].

Заң шығару қызметінің бірінші кезеңі (жобаға дейінгі кезең). Бұл кезең заң актісінің жобасын дайындау туралы шешімді қабылдауға себеп болған қызметті қамтиды. Бұл кезең мынадай әрекеттерден тұрады:

- а) өзекті жағдайларды зерттеу;
- б) объективтік және субъективтік факторларды бағалау;
- в) құқықтық реттеудің пәні, мақсаттары мен бағыттарының шектерін анықтау;
- г) өзекті жағдайлардың оң және теріс кезеңдерін ашу алу;
- д) құқықтық реттеудің мақсаттары мен бағыттарына сәйкес келетін жүріс-тұрыстың жетілген үлгілерін қалыптастыру;
- е) заңның идеяларын қалыптастыру және оның жобасы бойынша жұмыстың қажеттілігін негіздеу.

Екінші кезең – жобалы кезең. Бұл кезең заңның жобасын жасау туралы ресми шешім қабылдағаннан бастап, құқық шығарушы органның қарауына заң жобасын енгізумен аяқталатын қызметтерді қамтиды. Ол бірнеше сатылардан өтеді:

- а) заң жобасын жасау туралы шешім қабылдау; б) жобаны дайындау;
- в) жобаны талқылау; г) жобаны келістіру; д) жобаны пысықтау

Үшінші кезең – құқық шығармашылығы шешімін қалыптастыру кезеңі. Бұл кезең заң актісін шығару жөніндегі әрекеттерді – жобаны құқық шығарушы органда талқылауға енгізгеннен, жариялағанға дейінгі әрекеттерді қамтиды. Бұл кезең бірнеше сатыдан тұрады:

- а) жобаны құқық шығарушы органның қарауына енгізу;
- б) жобаны комитеттерде қарау;
- в) заң жобасын пленарлық отырыста талқылау және мәні бойынша шешім қабылдау;
- г) заң жобасын бекіту;
- д) заң актісін жариялау».

Парламентке дейінгі кезеңдер Конституцияда, Парламент туралы заңда бекітілмеген. Тиісінше заң актісінің мәтінін дайындау, жасау Парламент қабырғасынан бөлек, тыс жүзеге асырылады. Оны белгілі бір дәрежеде «Нормативтік құқықтық

актілер туралы» заң, Үкіметтің регламенті, Республика Президенті заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асыратын жағдайда 2007 жылғы 21 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы құқығын іске асыру Ережелері» реттейді [6].

Негізінен, заң шығару процесінің сатыларына қатысты ғалымдардың пікірлері бір жерден шығады. Олардың бәрі де заң шығару процесін заң шығару бастамашылығы құқынан бастап, заңды жариялаумен аяқтайды. Әрине, олардың жеке пікірлерінде кемшіліктер де, өзгешеліктер де болуы мүмкін.

Әдетте, «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңның 3-тарауының мазмұны мен құрылымы қос палаталы Парламенттің заң шығару процесін келесідей көлемді сатыларға бөлуге болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Заң шығару бастамашылығы;
2. Заң жобасын Мәжілісте қарау;
3. Заң жобасын Сенатта қарау;
4. ҚР Президентіне қол қою үшін заңды ұсыну;
5. Қол қою және заңды жариялау.

Парламенттің заң шығару практикасы оның үш түрлі заңды қабылдау мүмкіндігін қарастыратындықтан, бұл сатылар Парламенттің конституциялық және жай заңдар шығару процесіне ғана қатысты. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылдау процесі өзгешелеу, ол оның алдыңғы заңдар секілді алдымен Мәжілісте, кейін Сенатта өз кезектілігімен қарау арқылы емес, палаталардың бірлескен отырыста қаралатындығына байланысты [7].

Олай болса, ҚР Парламентінің заң (конституциялық және жай заң) шығару процесін аталғандай бес сатыға, ал Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң шығару процесін төрт сатыға (заң шығару бастамашылығы; заң жобасын палаталардың бірлескен отырысында қарап, қабылдау; ҚР Президентіне қол қою үшін заңды ұсыну; қол қою және заңды жариялау) тиянақтауға болады. Заң шығару процесінің бұл сатылары – процедуралық әрекеттердің дербес кезеңі, тиісті нормативтік актіні жасауға бағытталған өзара тығыз байланысты әрекеттердің ұйымдық бөлшектенген кестесі болып табылады.

Қазақстанда заң шығарудың бірнеше жолы бекітілгендіктен, біз қарастырып отырған заң шығару процесінің шегі туралы пікірлер тек Парламенттің ғана заң шығару процесіне қатысты. Республика Конституциясының 49-бабының 1-бөлімінде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган. Бұл норма оның бірден-бір заң шығаратын орган болып табылатындығын бекітпейді. 54-бапта (2-бөлім 4-тармақ) анықталғандай Қазақстан Республикасы Президенті және республикалық референдум туралы заңға сәйкес халық референдум арқылы заңдар шығаруы мүмкін. Олай болса, жоғарыда көрсеткен заң шығару процесінің түсінігі мен шегі туралы пікірлер тек Парламенттің заң шығару қызметіне байланысты. Тиісінше, заң шығару процесінің парламентке дейінгі және парламенттік кезеңдері, сатылары Президенттің және референдум арқылы халықтың заң шығармашылығына жатпайды. Президенттің және халықтың заң шығару қызметінің процедуралық жағын анықтау бөлек мақалада қарастырылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жарболова А.Ж. «Заң шығару қызметі» мен «заң шығару процесі» ұғымдарының арақатынасы //ҚазҰУ Хабаршысы, - 2015. - №2(74). – 335 б.

2. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/>

3. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 конституциялық Заңы. <http://adilet.zan.kz/>

4. Мальцев Г.В. Правоведение, Москва: РАГС. – 2003. – 584 с. <http://be5.biz/pravo/>

5. Заң шығару қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің 2009 жылғы 2 ақпандағы N 15 Өкімі. <http://adilet.zan.kz/kaz/>

6. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы құқығын қамтамасыз ету және Республика Президентінің кейбір актілерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 қыркүйектегі N430 Жарлығы. <https://massaget.kz/laws/>

7. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 наурыздағы №51-VI ҚРЗ <http://adilet.zan.kz/>

**УДК 347.65.68 (574)**

## **МҰРАГЕРЛІК ҰҒЫМЫ МЕН ОНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ**

***Б.А.Нарбутаев***

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 2 курс магистранты  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

**Түйіндеме:** Мұрагерлік құқық қатынастарының пайда болуының негізі мұра, ал ол мұраның бірден-бір критеріі меншік болып табылады. Конституциямыздың 26-бабының, 1-тармағында «Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады» деп мүлікке жеке меншік нысанын заңмен бекіткен. Аталған баптың, 2-тармағында «Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі» деп көрсетілген. Міне бұл мақалада мен осындай адамдардың өмірінде маңызды орын алатын мұрагерлік саладағы, дүние мүліктің қалыптасу алғы шарттарына тоқталдым. Себебі атададан балаға мұраның, мүліктің ауысу бойынша заңдық негіздер сонау Рим империясынан бері бастау алғандығына қарамастан, қазақ халқының салт дәстүрінде де мұра беру негіздері туралы өте көп баяндалғандығы туралы айтып өткен жөн. Әсіресе Тәуке ханның «Жеті жарғысы» негізінде қазақтарда тек балалар ғана емес ата-аналар да мұраны қабылдай алған. Сол секілді қазақ хандығы Ресей империясының құрамында болғандықтан алғашқы мұрагерлік құқыққа байланысты заңдар осы мемлекеттің нормативтік актілерінің қалыптасуымен тікелей байланыстылығы көрсетілген. Мысалы Қазақ КСР-нің Азаматтық Кодексі қабылданып, ол жерде мұрагерлік мүлікке қамтылған заңдық негіздер қарастырылған екен. Ал осы алғашқы заңдардың негіздері біздің тәуелсіз еліміздің даму тарихында да өз көрінісін тапқан.

**Түйін сөздер:** мұра, мұрагер, тарих, рим құқығы, мүлік, әдет-ғұрып, мұрагерлік мүлік.

## ПОНЯТИЕ НАСЛЕДОВАНИЯ И ИСТОРИЯ ЕГО ВОЗНИКНОВЕНИЯ

**Аннотация:** Основой возникновения наследственных правоотношений является наследство и единственным критерием наследования является собственность. В Конституции РК пунктом 1 статьи 26 предусмотрено, что «Граждане Республики Казахстан могут иметь в частной собственности любое законно приобретенное имущество». А пункте 2 указанной статьи указано, что «Право собственности, в том числе наследования, гарантируется законом». Вот в этой статье я остановился на предпосылках формирования наследственного имущества, которое занимает важное место в жизни таких людей. Потому что, несмотря на то, что юридические основы по переходу наследства, имущества от бабушки к ребенку существовали еще со времен Римской империи. Мы видим что и в обычаях казахского народа, также очень много говорилось об основах наследования. Особенно в период правления Тауке хана на основании «Жеты Жаргы» у казахов не только дети, но и родители могли принять наследство. Также в статье показано, что законодательные акты связанные наследственным правом связаны с периодом Российской империи, так как Казахское ханство непосредственно входило в состав империи. Поэтому наши все первоначальные нормативные правовые акты связаны с этим государством. В статье также рассмотрены предпосылки принятия в Казахской ССР первого гражданского кодекса, где предусмотрены юридические основания касающиеся наследственного имущества. Исходя из этого в настоящее время на данном этапе становления нашего независимого государства нашли отражение некоторые законодательные нормы и советского законодательства.

**Ключевые слова:** наследство, наследник, история, римское право, имущество, обычай, наследственное имущество.

## THE CONCEPT OF INHERITANCE AND THE HISTORY OF ITS ORIGIN

**Abstract:** The basis for the emergence of hereditary legal relations is inheritance and the only criterion for inheritance is property. In the Constitution of the Republic of Kazakhstan, paragraph 1 of Article 26 provides that "Citizens of the Republic of Kazakhstan may have any legally acquired property in private ownership". And paragraph 2 of this article states that "The right of ownership, including inheritance, is guaranteed by law". In this article, I focused on the prerequisites for the formation of hereditary property, which occupies an important place in the lives of such people. Because, despite the fact that the legal basis for the transfer of inheritance, property from the grandfather to the child existed since the time of the Roman Empire, we see that the customs of the Kazakh people also talked a lot about the basics of inheritance. Especially during the reign of Tauke Khan on the basis of "Zheta Zhargy" Kazakhs not only children, but also parents could accept the inheritance. The article also shows that the legislative acts related to inheritance law are related to the period of the Russian Empire, since the Kazakh Khanate was directly part of the empire. Therefore, all our initial legal acts are related to this state. Therefore, the article also considers the prerequisites for the adoption of the first civil code in the Kazakh SSR, which provides for legal grounds concerning hereditary property. Based on this, now at this stage of the formation of our independent state, some legislative norms and Soviet legislation are reflected.

**Keywords:** inheritance, inheritance , history, Roman law ,property, custom, inheritance property.

Қазақстан Республикасындағы экономиканың тұрақтылығының басты нәтижесі қоғам мен мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын айқындап берген, адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекеттік институттардың жаңа жүйесін бекіткен Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы болды.

Мұрагерлік – қайтыс болған адамның мүлкі мен мүліктік құқықтарының мұрагерге ауысуы. Мұрагерлік өсиет заң бойынша жүзеге асырылады. Кісі мүлкін бір немесе бірнеше адамға, тұтастай не бір бөлігін ғана қалдыра алады.

Мұрагерлік құқық қатынастарының пайда болуының негізі мұра және мұраның бірден-бір критеріі меншік.

Конституциямыздың 26-бабының, 1-тармағында "Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады" деп мүлікке жеке меншік нысанын заңмен бекіткен. Аталған баптың, 2-тармағында "меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі" деп көрсетілген[1].

Әр қоғамдық құрылымда мұрагерлік құқықтың өзіндік орны бар. Құқықтық институт ретінде мұрагерлік құқық рудың жіктелуінен, жанұяның жекеленуінен бастау алды және осыған байланысты жеке меншік құқығының дамуы негізінде пайда болды, олар әлеуметтік-экономикалық формацияда мұрагерліктің меншік қатынасымен байланыстылығы байқалады [2, 5 б.]. Мұрагерлік құқықтың тарихына үңілер болсақ, сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезінен бастап-ақ мұрагерлік құқықтың көрінісі байқала бастаған. Мұрагерлік құқықтың тарихи даму барысын орыс ғалымдарының арасында А.М. Немковтың «Очерки истории наследственного права» [3] кітабында ерекше орын алған. А.М. Немковтың бұл монографиясында әртүрлі қоғамдық экономикалық формациядағы мұрагерлік құқық тәртібін зерттеген. Атап айтсақ, матриархат және патриархат дәуірлері, алғашқы қауымдық құрылыс, феодалдық құрылыс және т.б. кезеңдердегі мұрагерлік құқыққа сараптама жасаған. Бұл тақырып одан бертін келе, қазақстандық ғалымдар арасында Х. Арғынбаевтың «Қазақ отбасы» [4] атты кітабында, яғни қазақ отбасының өткені мен бүгінгісі, халқымыздың оған байланысты бай салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары терең қамтылған. С. Зиманов пен Н. Өсеровтің «Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» [5] атты кітабында, Э.Б. Бабыкованың «Правовое регулирование наследования в Республике Казахстан» [6] кандидаттық диссертациясында зерттелген.

Мемлекет пен құқық құрылғанға дейінде меншік (экономикалық мағынада) бар болды, ал меншікке құқық тек мемлекет қалыптасқаннан кейін пайда болды, сол сияқты мұрагерлік құқықта мемлекет құрылғаннан кейін өз көрінісін тапты [7, 223 б.].

Мұрагерлік меншік құқығының дамуы жалпы Ежелгі Римнен бастау алыпты. Рим заңгерлері мұрагерлік құқық, меншіктің маңызды түсініктерін, тәртіптерін жіктей де саралай алған. XII кесте заңында мұрагерліктің маңызды қағидалары қалыптасты, олар қайтыс болған адамның қарыздарын мұрагерлері өз мойындарына алды және мұра қалдырушыға тиесілі барлық міндет талаптарды өзара бөліп алды, сол себептен мұрагерлерге мұра үлесінен алған мөлшер барлығына бірдей тиесілі болды. Осы кезден бастап, бір тұлғаға мүлікті өсиет бойынша және заңды мұрагерлік бойынша ауысу үйлесімдіктердің мүмкін еместігі туралы ережелер қалыптасты. Жалпы Римдіктерде мұрагерлік процесінен 2 кезеңді байқауға болады: мұраның ашылуы (мұра

қалдырушының қайтыс болуы) және мұраны қабылдау. Мұрагердің мүлікке деген меншік құқығы мұраны қабылдаған соң жүзеге асқан. Ежелгі Римде мұра 2 жолмен жүрген: өсиет бойынша немесе (және) заң бойынша (егер өсиет қалдырылмаса немесе өсиет бойынша мұрагер мұраны қабылдамаса). Мұрагерлік бұл екі институт Рим мемлекетінде бөлек-бөлек болатын. Мыс: бір мүліктің жартысы өсиет бойынша, жартысы заң бойынша болып бөлінбейтін. Өсиет қалдыру үшін арнайы қабілеттілік - *testamentifactio activa* қажет еді. Өсиет қалдыруға әрекетке қабілетсіз тұлғалар, кейбір ауыр қылмстары үшін сотталған адамдарға құқық берілмейтін. Өсиет қалдырудың өзі белгілі-бір ережемен өтетін. Мыс: Юстинианның кезеңінде 7-куәнің қатысуы қажет еді. Өсиет бойынша мұрагер нақты көрсетілуі тиіс және мұра қалдырушы қайтыс болған кезден бастап ашылады. Ал егер өсиет бойынша мұра қалдырушы өсиетте мұрагерге қатысты шарт қоятын болса, осы шарт орындалғаннан кейін ашылады еді. [8, 141 б.].

Цивильдік құқық бойынша 3 кезектер қарастырылды. Бірінші категорияда: балалары (өмір бойы қоластындағы тұлғалар) әрқайсысына тең үлеспен бөлінген; Екінші категорияда: жақын агнаттар (бауырлар, қайтыс болған азаматтың анасы, егер ол әйел әкесімен кум ману некесінде тұрса); Соңғысы: туысқандары (отбасы мүшесіне кірмейтін, бірақ бір рудан шыққандар) [9, 38 б.]. Бұл жерде преторлық мұрагерлік пен цивильдік мұрагерліктің айырмашылығы байқала бастаған десекте болады. Яғни преторлық мұрагерлік кезінде жақын туыс мұраны қабылдамаса, мүлік иесіз деп танылмас үшін, келесі кезектегі мұрагерлер мұраны алып отырған. Бұл жағдайда претор цивильдік құқықты одан әрі дамытып толықтыруда үлкен үлес қосқан десекте болады. Демек, цивильдік мұрагерлік жүйесі негізінде преторлық мұрагерлік жүйесінің қалыптасқанын көреміз.

Енді, қазақ елінің тарихынан мұрагерліктің өрбуін қарастырайық. Тарихқа жүгінсек, қазақ халқы мемлекет құрғалы бірнеше заң жинақтарын қабылдаған. Мұндай заң жинақтары туралы сөз бастағанда, ең алдымен XVI ғасырдың бірінші ширегіндегі Қасым хан (1511-1520 жж.) дәуірінде қабылданған «Қасым ханның қасқа жолын», XVI ғасырдың аяғымен, XVII ғасырдың басындағы «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жинақтарын, 1548 және 1628 жылдар аралығында билік құрған Есім хан шығарған заң құжаттарын, XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы Тәуке хан (1680-1718 жж.) тұсында жазылған атақты «Жеті Жарғыны» айтпасақ болмайды. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» жеті саланы: жер дауын, құн дауын, бала тәрбиесі мен неке қатынасын, қылмысқа жауапкершілікті, ру аралық дауды, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін қамтыды [10, 32 б.].

Қазақ әдет-ғұрыпшын зерттеушілердің мәлімдеуі бойынша еншінің көлемі әкенің дәулетіне байланысты екен. Әдет заңдарында әменгерлік мәселе де мұрагерлік жолмен жүзеге асты. Егер әке жастай өліп, артында жас балаларымен жас жесірі қалса, әменгерлік әдет бойынша өлген адамның бірге туған ағасы не інісі, олар болмаса немере, шөбере туыстары, қала берді аталас інісі жеңгесіне үйленіп балаларды өз қамқорлығына алатын да, мал- мүлкіне заңды түрде иелік ететін. Егер жесір қалған әйел күйеуге шықпай, балаларымен елде отыра беремін десе, оған зорлық жасалмаған. Қазақ қазақ болғалы әке артында қалатын мұраға жазба түрде өсиет қалдыру дәстүрі болған, өкінішке қарай сол өсиет жазылған деректердің бір де бірі біздің заманымызға келіп жетпеген. Жазба өсиетпен қатар куәларалдында марқұмның өлер қарсаңында ауызша айтатын өсиеті болған. Мұрагер өсиетті бұлжытпай орындауға тырысатын. Осы әдет – ғұрыптар жөніндегі деректер төңкеріске дейінгі көптеген авторлардың баяндауы мен архив қоймаларында жақсы сақталған. Қазақтың әдеттік құқы бойынша әке мұрасына иелік ететіндер марқұмның балалары, әйелдері,

аға – інілері, жақын туыстары, қала берді аталас ағайындары болатын. Өлген әкенің артында мұра есебінде мал, жер- су (қыстау), үй – жай, мүлік, ақша және жесір қалады. Тіпті ертеректе әке мұрасына құл мен күң де енетін. Мұндай мұраны әке өлгеннен соң бөлісу мәселесі әр түрлі жағдайларға байланысты орындалатын. Ол жағдайлар негізінен өлген адамның жасына байланысты болатын.

Егер әке орта жастан асып, немесе қартайып өлген уақытта ол өзінің тіршілігінде артында қалатын мұрагерлеріне тисіті үлесін беріп, «ұлын ұяға, қызын қияға қондырып» үлгерген жағдайда қара шаңыраққа, мал – мүлкіне ешкімнің дауы болмай, оған енші алмаған кенже баласы түгелдей ие болады. Мұндай жағдайда әке артында тірі қалған шеше алдында екінші рет күйеуге шығу мәселесі күн тәртібінде болмайтындықтан, «мирас» қатарынан шығып қалады да, кіші баласының үйінде отыра береді. Тіршілігінде көп әйел алып, олардың еншісін әуелден бөлек ұстаған жағдайда, мұраны әр әйелдің бөлінбеген кенже баласы иемденетін. Әйелдер және олардан туған балалар арасында да мұра үшін дау – шар болмайтын. Егер әйелдердің ішінде жасы болса, ол әменгерлік әдеті бойынша жақын әменгерінің біріне өзіне тиісті үлесімен тұрмысқа шығатын. Мұндай әйелдердің жас балалары болса олар да өзімен бірге болатын.

Қ.О. Байжановтың айтуынша патриархалды-рулық қауымның ыдырауына негіз болған өндірістік қатынастардың дамуы нәтижесінде мұрагерлік құқықта үлкен өзгерістер болғанын, яғни XIX ғасырда Ресей империясының саясатының ықпалымен Жетісу облыстық басқармасы жинаған Қазақ әдет-ғұрып құқығы жинағының «Мұрагерлік құқық» деп аталатын II-бөлімінде мұра заң бойынша да, өсиет бойынша қалуы мүмкін делінген. Және мұра қалдырушы барлық мұралық мүліктің 1/3 бөлігін ғана өсиет бойынша қалдыра алады. Және бұл 1/3 бөліктің өзі мұралық мүліктің пассивін жойғаннан кейін, мұра қалдырушыны жерлеуге қатысты шығындардан кейін ғана есептелді. Сондай-ақ бұл 1/3 бөлікке рулық меншіктегі жер ата-бабалар өмір сүрген киіз үй жиһаздарымен бірге, ата-бабалардан қалған әскери құрал-саймандар кірмейтінін байқай аламыз [11, 187 б.].

Бірақ өлгеннің отын өшірмеу, жетімін тентіретпеу үшін ең алдымен жесірдің орнын дұрыстану керек болды. Жесір бір руга түскен кешегі келін ері өліп, бағы тайған жесір, өзі түскен шаңырақтың мүшесі, оның орны, мүддесі, адами құқы сол әулеттің өсуі мен өшуіне, абыройы мен ұятына астасып жататын. Өлген әке ұрпағы сол әулеттің заңды тұқымы, ал жесірдің әменгер болуы сол ұрпақтың аман-есен өсуінің алғы шарттары. Жесірін әменгерлікке ала алмау, жесірін тентіретіп жіберу, сол әулеттің сүйегіне басылған таңба.

Сонымен қазақ халқы әдеттік құқық негізіне сүйене отырып, әкем мұрасына иелік етіп, оны мұрагерлер арасында дұрыс бөлісуге көп мән берген. Әкеден қалған мал мен мүлікті орын – орынымен бөлісу үстінде адамгершілікке жатпайтын дүниеқорлық, озбырлық қылықтарды істеп, алауыздықтың тууына, көбінесе жол берілмейді. Мұны жоғарыда баяндалған мұрагерлік құқығының сан алуан түрлері қазақтың әдеттік ережелерінде өте орынды ескертілгендігінен де байқауға болады. Марқұмның өлердегі өсиеті, артында қалған жас баларының, жесірінің, қара шаңырағының, тіпті енші алып бөлек кеткен балалары мен ұзатылмаған қыздарының мүддесі және өліктің жетісін, қырқын, жүзін және асын беру шығындары түгелдей ескеріледі.

Мұрагерлік құқық шариат заңдарының ең күрделі бөлімі болып табылады. Мұсылман адам қайтыс болғаннан кейін, бірінші кезекте мұралық мүліктен оны жерлеуге байланысты және оның қарыздарын өтеуге байланысты шығындарды төлейді. Осыдан кейін өсиет бойынша мұрагерлер өз қарыздарын алады. Бірақ ол қалған бүкіл

мүліктің 1/3-тен аспауы тиіс. Одан қалған мүлік заң бойынша мұрагерлер арасында бөлінеді. Егер заң бойынша мұрагерлер болмаса, бүкіл мүлікке қатысты өсиет заңды болып табылады. Мұсылмандарда заң бойынша мұрагерлер деп туыстығы бойынша бес атаға дейінгі барлық ер адамдар, 3 атаға дейінгі барлық әйел адамдар есептеледі. Мұралық мүліктегі ер адамдардың үлесі әрқашан әйел адамдардікінен екі есе көп болады. Заңды мұрагер өсиет бойынша мұраға ие бола алмайды [11, 189 б.].

Қазақ мұрасының әдет-ғұрпындағы бастауларының бірі – рухани мұра қалдыру болды. Оған халықтың ауыз әдебиеті арқылы болашақ ұрпаққа жеткен өлең, дастандар, жырлар, шешендік сөздер мен билер шешімдері, хан жарлығы, көшпелі қазақ халқының қоғамдық құрылысын басқаруға арналған заңдары да бізге жеткен мұра есебінде сақталды. Мұсылмандық мұрагерлік құқық мұсылмандарға ғана таралады. Оның ерекшеліктерін атап айтсақ: заңды мұрагерлердің пайдасына өсиетті шектеу; заң бойынша мұраға ие болуда еркектер мен әйелдердің теңсіздігі; дәстүрлі мұсылмандық құқықтық өзге дінді ұстанатын адамдардың мұрагерлік құқығын мойындамауы; мұрагерлерді негізгі санатқа (сыныпқа) бөлу; қандас-туыстық байланыстардың мұрагерлік-құқықтық қатынастардағы басымдығына байланысты.

Қазан төңкерісіне дейін Орта Азия мен Қазақстан елдерінде мұрагерлік мәселелер әлеуметтік-экономиканың өсу деңгейіне, патриархалдық қатынастардың сақталуына, меншік нысанының даму сатысына және тағы да басқа себептермен тығыз байланысты болды.

Осы тұрғыда Э. Айкумбекова өзінің мақаласында 1917 және 1922 жылдардағы Кеңестік дәуірдегі негізгі нормативтік-құқықтық актілерді талдау барысында Кеңестік Үкімет барлық экономикалық аумақты өз бақылауында бүтіндей дерлік қадағалағаны туралы қорытынды жасаған. Айта кететін жағдай, өсиет бойынша мұрагерлікті реттейтін ережелерде көптеген шектеулерді байқауға болады. Атап айтсақ, өсиет қалдырушы өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша мұрагерлеріне үлестіре алмаған. Бұл өсиет бойынша мұрагерліктің құқықтық болмысына қарама-қайшы келеді.

Әр қоғамдық құрылымда мұрагерлік құқықтың негізі қаланғаны сөзсіз. Дегенмен, кеңес дәуірі тұсында мұрагерлік құқық азаматтық құқықтың бір саласы болып нақты орнын тапты.

Кеңес Одағы кезіне тоқталатын болсақ, жеке меншікті жою мақсатында бірнеше заңдар қабылданды. Мысалы, 1917 жылдың 26 қазанында «Жер туралы», 1917 жылдың 14 желтоқсанында «Банктерді ұлттандыру туралы» декреттер қабылданды. Жеке меншіктің мұрагерлік жолымен берілуін жою мақсатында 1918 жылдың 27 сәуірінде «Мұрагерлікті жою туралы» деген декрет жарияланды. Осы декреттің 1-бабына сәйкес, заң бойынша да, өсиет бойынша да мұрагерлік мүлдем алынып тасталды. Яғни, мүлік иесі қайтыс болғаннан кейін оған тиісті (жылжитын, жылжымайтын) барлық мүліктері мемлекеттің, дәлірек айтқанда РСФСР-дің қарауына (меншігіне) өтетін болды. Осылай қалыптасқан жағдай жаңа экономикалық саясаттың келуімен, біршама шектеулермен болса да, мұрагерлік құқығын қайта дамытуға өз үлесін қосты. Сәл кейінірек, 1922 жылдың 22 мамырында қабылданған «РСФСР-да танылатын, оның заңдарымен қорғалатын және РСФСР-дың соттарымен қорғалатын негізгі жеке мүліктік құқықтар туралы» мұраның жалпы құны 10000 алтын рубльден аспайтын болса, мұраны жұбайының және тікелей ұрпақтарының заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлік жолымен алу құқығы бекітіліп, әрі осы декрет негізінде Азаматтық кодекстің мұрагерлік құқық бөлімінің іргесі қаланған болатын [12, 63 б.].

1922 жылдың 31 қазанында қабылданып, 1923 жылдың 1 қаңтарында заңды күшіне енген Қазақ КСР-нің АҚ-де мұрагерлік құқыққа қатысты елеулі өзгерістер



енгізілді. Онда мұрагерлік құқық бойынша мүлікті қалдыру мүмкіндігі туралы ережелер қарастырылды. Қазақ КСР-нің АҚ-де мұра қалдырушының тек жақын туыстары оның мұрагерлері (қайтыс болған адамның жұбайы, оның балалары, немерелері мен шөберелері) болып табылады. Мұндай шектеу заңды мұрагерлік пен өсиет бойынша мұрагерлік негіздерінде орын алды. Заңды мұрагерлік бойынша мүлік аталған тұлғалардың, яғни мұрагерлердің арасында өзара үлестірілген. Одан кейін мұрагерлік құқықтың біршама өрлей түсу кезеңі 1945 жылдың 14 наурызында КСРО-ның Жоғарғы Кеңес Президиумымен қабылданған «О наследниках по закону и по завещанию» деген жарлығында, «өсиет және заңды мұрагерлік» негіздері Қазақ КСР-нің АҚ-де өз орнын тапты. Бұл Жарлықтың қабылдануы мұрагерлік құқықтың дамуына едәуір үлесін қосты. Аталмыш Жарлыққа Б.С. Антимонов пен К.А. Граве 3 түрлі сын айтқан болатын. Берілген сын бойынша, біріншіден, заңды мұрагерлерді шақыру тәртібінің түпкілікті өзгеруімен байланысты еді. Яғни, заңды мұрагерлер мұрагерлікке бір уақытта және барлығы бірдей шақырылмады, олар ендігі жерде кезек тәртібімен шақырылды. Екінші сын, аталмыш жарлық бойынша заңды мұрагерлер қатарының кеңейгеніне қатысты. Олардың ішіне мұра қалдырушының еңбекке қабілетті ата-аналары, аға-інілері мен апа-қарындастары кірді. Соңғы сын, егер мұра қалдырушының заңды мұрагерлерінің біреуі болмаса, онда өсиет бойынша көрсетілген, мүлдем бөгде адам мұра қалдырушының мұрагері болып табылады [2, 45 б.]. Бұл құқықта өсиет бойынша мұрагерлік еркіндігінің көріністері өз орнын таба бастады десек те болады.

1945 жылғы Жарлық негізінде мұрагерлік құқықтың өсиет және заңды мұрагерлік негіздері Қазақ КСР-нің азаматтық құқық саласында өз орнын тапты десек те болады. Ендігі жерде Қазақ КСР-нің 28.12.1963 жылғы қабылданған АҚ-нің мұрагерлік құқық бөлімінде заң және өсиет бойынша мұрагерлік құқық ережелерінің қатары кеңейтілді. Осы орайда айта кететін жайт, Қазақ КСР-нің заңдарында мемлекеттік еңбекке қатыссыз кірістерге қатаң тыйым салынды. Кеңес Одағы тұсында мұрагерлік құқықтың нақты дамуына, әсіресе 1961 жылдың 8 қаңтарында қабылданған КСРО Жоғарғы Кеңесінің Азаматтық заңдар негізін бекіту туралы Заңның қабылдануы бірден-бір себепші болды. Аталған азаматтық заңдар негізі VIII бөлімге (117-121 баптарға), яғни заңды мұрагерлердің кезек тәртіптеріне бірнеше өзгертулер енгізді. Сонымен қатар, бұл заң өсиет бойынша мұрагерлік негіздің еркіндігін кеңейтті.

КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі КСРО және Республикалар Одағының азаматтық заңдар негізіне сәйкес, 1963 және 1964 жылдар аралығында Жоғарғы Кеңес сессиясында Одақтас Республикалардың азаматтық кодекстеріне «Мұрагерлік құқық» бөлімдерін енгізу туралы ережені бекітті. Осыған орай, Қазақ КСР-нің АҚ-сін Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1963 жылдың 28 желтоқсанында қабылдаған болатын [12, 65 б.].

Егеменді ел болып, көк байрағымызды желбіреткеннен соң, ҚР-ның АҚ-нің Жалпы бөлімін ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың желтоқсан айының 27 жұлдызында қабылдаған еді. Ал, ҚР-ның АҚ-нің Ерекше бөлімін ҚР-ның Парламенті 1999 жылы шілде айының 1 жұлдызында қабылдады. Міне осындай ғасырлар бойы қалыптасқан мұрагерлік құқықтың негіздері қазіргі тәуелсіз Қазақстан елімізде Азаматтық Кодекстің ерекше бөлімінде өз орнын тауып, азаматтар мұрагерлік құқық негізінде мүлікке иемденіп жатады екен [13].

Осындай небір бұралаң жолдардан өткен мұрагерлік құқығы тәуелсіз Қазақстан заңдарында өзіне лайықты орнын алды деп есептейміз. Еліміздің құқық жүйесінде мұрагерлік құқығы азаматтық құқықтың үлкен бір бөлімі ретінде бекітілген. Әрі, біздің республикадағы әрекет ететін заңдарға сәйкес, мұраның көлеміне шектеу жоқ. Қайтыс

болған адамның құқықтары мен міндеттерінің басқа тұлғаға немесе тұлғаларға мұрагерлік құқық нормаларының негізінде өтуінің өзі мұрагерлік деп танылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Электронды ресурс ] [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029)
- 2.Антимонов Б.С., Граве К.А. Советское наследственное право. - М.: Юридическая литература, 1955. - 264 б.
- 3.Немков А.М. Очерки истории наследственного права. - Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1979. - 97 б.
- 4.Арғынбаев Х. Қазақтағы семья және неке. - Алматы: Қайнар, 1996. - 288 б.
- 5.Зиманов С.З., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шарияттың әсерін зерттеу. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 128 б.
- 6.Бабыкова Э.Б. Правовое регулирование наследования в Республике Казакстан: дисс. ... канд. юрид. наук: 12.00.03. - Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2003. - 181 б.
- 7.Новицкий И.Б. Римское право / Отв. ред. Е.А.Суханов. - Изд. 4-е, стереотип. - М.: Ассоц. «Гуманитарное знание», 1993. – 245 б.
- 8.Иоффе О.С., Мусин В.А. Основы Римского гражданского право. – Л: ЛГУ, 1974.- 156 б.
- 9.Айтжан Б.Е., Хусаинова А.М. Рим құқығы: оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2005. - 80 б.
- 10.Узбекулы С. Хан Тауке и правовой памятник «Жети жарғы». Учеб. пособие. - Алматы: Өркениет 1998. - 88 б.
- 11.Байжанов Қ.О. Қазақ әдет-ғұрып бойынша меншік құқығына ие болу және тоқтату әдістері. // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. өзгертіліп, толықтырылған 2 басылым. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Алматы: Жеті жарғы, 2004. - 2 Т. - 672 б.
- 12.Барщевский М. Ю. Наследственное право: Учебное пособие. - М.: Белые альвы, 1996.-225с.
- 13.Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (1999 ж. 1 шілдедегі № 409-1) (ерекше бөлім) (2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электронды ресурс] <https://online.zakon.kz/>

УДК 347(574)

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ИНСТИТУТТАРЫ***Нұрғалиев М.**Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

**Түйіндеме:** Мақала қазіргі Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы мен жұмыс істеуінің теориялық және практикалық мәселелеріне арналған. Бұл институттардың төрт негізгі тобы анықталды: саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани. Негізгі проблемалар мен олардың даму тенденциялары сипатталған.

Конституцияда азаматтық қоғамның негіздері мен негізгі институттары - кез келген заңды түрде сатып алынған мүлікке жеке меншік құқығы, кәсіпкерлік қызметтің құқықтары мен бостандықтары, партиялар болып табылатын, ал қазір кеңінен құрылып жатқан үкіметтік емес ұйымдар болып табылатын қоғамдық бірлестіктерді құру және олардың жұмыс істеу қағидаттары бекітілген.

Азаматтық қоғам институттары саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық акпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және т.б. болып саналады. Олардың қызметіндегі үш белгінің үйлесуі - Тәуелсіздік, еріктілік және қызметтің тиімсіз сипаты - оларды мемлекеттік және коммерциялық институттарға жататын кейбір ұқсас ұйымдардан ажыратуға мүмкіндік беретін өзіндік ерекшелікті құрайды.

Коммерциялық емес сектор нарықтық экономика қағидаттарына негізделген қоғамның демократиялық құрылымының маңызды элементі болып табылады. "Үшінші сектор" атауы мемлекет пен таза нарықтық құрылымдарды білдіретін басқа екеуімен қатар оның маңыздылығын атап өтуге арналған.

**Кілт сөздер:** азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам институттары, азаматтық қоғам институттарының жұмыс істеу проблемалары, азаматтық қоғам институттарының даму перспективалары.

**ИНСТИТУТЫ КАЗАХСТАНСКОГО ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА**

**Аннотация:** Статья посвящена теоретическим и практическим вопросам формирования и функционирования институтов гражданского общества в современном Казахстане. Выделены четыре основные группы этих институтов: политические, экономические, социальные, духовные. Охарактеризованы основные проблемы и тенденции их развития.

В Конституции закреплены основы и основные институты гражданского общества - право частной собственности на любое законно приобретенное имущество, права и свободы предпринимательской деятельности, принципы создания и функционирования общественных объединений, какими являются партии, а ныне широко создаваемые неправительственные организации.

Институтами гражданского общества считаются политические партии и общественные объединения, средства массовой информации, органы местного самоуправления и т.п. Негосударственные, некоммерческие и добровольческие объединения принято также называть организациями «третьего сектора». Сочетание в

их деятельности трех признаков - независимость, добровольность и неприбыльный характер деятельности - образует то своеобразие, которое позволяет отличить их от некоторых похожих организаций, принадлежащих государственным и коммерческим институтам. Некоммерческий сектор выступает важным элементом демократического устройства общества, базирующегося на принципах рыночной экономики. Название «третий сектор» призвано подчеркнуть его значимость наряду с двумя другими, представляющими государство и чисто рыночные структуры.

**Ключевые слова:** гражданское общество, правовое государство, институты гражданского общества, проблемы функционирования институтов гражданского общества, перспективы развития институтов гражданского общества.

## INSTITUTIONS OF KAZAKHSTAN'S CIVIL SOCIETY

**Annotation:** The article is devoted to the theoretical and practical issues of the formation and functioning of civil society institutions in modern Kazakhstan. There are four main groups of these institutions: political, economic, social, and spiritual. The main problems and trends of their development are described.

The Constitution establishes the foundations and basic institutions of civil society - the right of private ownership of any legally acquired property, the rights and freedoms of entrepreneurial activity, the principles of the creation and functioning of public associations, such as parties, and are now widely distributed. non-governmental organizations.

Institutions of civil society are political parties and public associations, mass media, local self-government bodies, etc. Non-governmental, non-profit and volunteer associations are also called "third sector" organizations. The combination of three characteristics in their activities - independence, volunteerism and the non-profit nature of activities - forms the identity that allows them to be distinguished from some similar organizations owned by state and commercial institutions. The non-profit sector is an important element of the democratic structure of society, based on the principles of a market economy. The name "third sector" is intended to emphasize its importance along with the other two, representing the state and purely market structures.

**Keywords:** civil society, the rule of law, civil society institutions, problems of functioning of civil society institutions, prospects for the development of civil society institutions.

Саяси ғылым азаматтық қоғамның құрылымына назар аудара отырып, оның екі жақты табиғатын ашады: идеалды және нақтылы, материалды және рухани т.б. дамудың полярлық бағыттарының болуы.

Халықтың саяси мәдениетінің дамуы нәтижесінде азаматтық қоғамның саяси партиялары, бұқаралық ақпарат құралдары, бұқаралық әлеуметтік қозғалыстар, ассоциациялар және басқа да институттары мемлекеттік құрылымдар секілді үйреншікті құбылысқа айналуда.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да

ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады [1].

Саяси партия - мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілетті және атқарушы органдарында азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатында олардың саяси ырықын білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі.

Қазіргі демократиялық қоғамдағы партияның маңызды міндеті азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы байланысты баянды ету. Партиялар арқылы әр түрлі әлеуметтік топтар өздерінің саяси талаптарын мәлімдейді. Бұрынғы әлеуметтік-экономикалық саясатты одан әрі жүргізу немесе оны өзгерту керектігі жөнінде өздерінің көзқарастарын білдіреді.

Партияның атқаратын қызметінің, тұжырымды мәні мынада: ол халыққа идеологиялық әсер етеді, саяси сананы қалыптастыруда роль атқарады. Саяси партиялар халықты үкіметпен, азаматтық қоғамды саяси қоғаммен, мемлекетпен байланыстыратын тетік болып табылады. Саяси партиялардың басқа ұйымдардан, қозғалыстар мен клубтардан негізгі ерекшеліктері мыналар — олар саяси билікке, билік тетігіне қатысуға таласады.

Партия саясаттың маңызды құрылымы болып саналады. Қазіргі таңда көз алдыға ең болмағанда бір партиясы жоқ мемлекетті елестету мүмкін емес.

Қазақстан халқы ассамблеясы. Бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) маңызды рөл атқарады.

ҚХА басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету [2].

2015 жылғы 23 сәуірде Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен ҚХА XXII сессиясы өтті. Нұрсұлтан Назарбаев 7 жаңа міндет қойды, оны жүзеге асыру ісіне Ассамблея тікелей қатысуы тиіс. Бұлар – бүкілқазақстандық мәдениетті дамыту, халық бірлігін ортақ рухани-моральдық құндылықтар негізінде нығайту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, мемлекеттік тілді және үштілді білім беруді одан әрі дамыту, транспарентті мемлекеттегі қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету, этносаралық қатынастарды саясиландыруға жол бермеу, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы серіктестермен мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту жұмыстары.

Кәсіптік одақтар - азаматтардың өз кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек ету, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру мен оларды қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту үшін ерікті түрде құратын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктері.

Кәсіподақ еңбекшілердің құқығын, мүддесін жан-жақты қарастырып, керек болса сотта да қорғайтын ұйым. Кәсіподақтар үкіметтің заңнамалық және қаржылық саясатына ықпал етіп, Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) кеңесін қолдана, пайдалана білетін жұмыскерлердің өкілетті органы.

Қазіргі күні кәсіптік одақтар қызметкерлер өмірінде үлкен рөл атқарады. Кәсіптік одақтар қызметкерлер құқықтары мен мүдделерін сақтауға ерекше кепілдердің

бірі болды және болып табылады. Түрлі-деңгейдегі кәсіптік одақтар еңбек және әлеуметтік қатынастармен байланысты, түрлі салалардағы олардың ұсынуы мен қорғауын қамтамасыз етеді және қызметкерлер мүдделерін қалыптастырады және тұжырымдайды [3].

Діни бірлестіктер - жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар.

Діни бірлестіктер - діни сенімді уағыздау, тарату мақсатында құрылған. Осы мақсатқа лайықты белгілері: дін тұту, құдайға құлшылық ету, басқа діни салттар мен ырым-жоралғылары бар, сондай-ақ дінге үйрету және өз ізбасарларына діни тәрбие беруге ұмтылатын азаматтардың ерікті бірлестігі. Олар діни топтар (заңды тұлға емес) және діни ұйымдар (заңды тұлға ретінде тікеуден өткен) ретінде құрыла алады. Діни ұйымдар жергілікті (ізін қуған адам оннан кем емес) және орталықтандырылған (құрамында үштен кем емес жергілікті ұйымдар кіретін) болып бөлінеді.

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңында Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады деп көрсетілген.

Жоғарыда айтылғандарға дәлел ретінде 2016 жылдың 13 қыркүйегінде Қазақстан Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстанның Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылды.

Бұқаралық ақпарат құралы - мерзімді баспасөз басылымы, радио- және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс- бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) - арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; ақпарат таратушының (коммутатор) қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлі зор.

Құқықтық мемлекет құру мен азаматтық қоғамды дамыту жағдайында кезкелген демократиялық мемлекеттердегі бұқаралық ақпарат құралдарының басты қызметі – ағымдағы іс-әрекеттердің әлеуметтік бағасын бұқара санасына сіңіру болып табылады.

Баспасөз қоғамдық пікір туғызып, қалыптастыратын ықпалы бар, халық пен билік арасындағы ерекше байланысқа ие бірден-бір әлеуметтік институтқа тән зор күші бар құрал болып табылады.

Азаматтық қоғамның бір атрибутының бірі - дамыған қоғамның үшінші секторы болып табылады. Үшінші сектордың әр түрлі мүдделерін білдіретін құрылымдарға үкіметтік емес ұйымдар жатады.

Үкіметтік емес ұйым - ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда).

Президенттің Қазақстан Республикасының халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспары қабылданған, онда "II. Қоғамды демократияландыру - уақыт талабы" бөлімінде қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралар көрсетілген, солардың бірі қоғамдық бірлестіктердің әлеуметтік маңызы бар жобаларын мемлекеттік қолдау тетігін әзірлеу болып табылады. Қазақстан Республикасының қоғамдық өмірін демократияландырудың басым бағыттарының бірі үкіметтік емес секторды дамыту болып табылады. Бүгінгі күні елде азаматтық қоғамның қызмет етуі үшін қажет үкіметтік емес сектордың қалыптасу процесі белсенді жүруде.

Үкіметтік емес ұйымдардың бірі мүмкіндігі шектеулі жандардың мұнын мұндаса, ендігі біреулері зейнеткерлер мен тұтынушылардың жоғын жоқтайды. Сондай-ақ азаматтық қоғамды қалыптастырып, экология, әлеуметтік саладағы мәселелермен айналысып жүрген ұйымдар да баршылық. Қорыта айтқанда, Қазақстандағы үкіметтік емес сектор осы уақытта билік пен халық арасындағы байланыс қызметін атқаратын, көпшіліктің талап-тілектерін жоғарыға жеткізе алатын іргелі ұйымға айналды.

Үкіметтік емес ұйымдар бірлесе қызмет еткен жағдайда үлкен қоғамдық күшке айналып, нәтижелі жұмыстар атқара алады.

Ұлттық-мәдени бірлестік – өзін белгілі бір этникалық бірлікке жатқызатын, өзінің этникалық ерекшелігін сақтау, тілін, білімін және мәдениетін дамыту мәселелерін дербес шешу мақсатында азаматтардың өздері ерікті өзін-өзі ұйымдастыруы негізіндегі бірлестігі.

Қазір азаматтық қоғамның бір институты ретінде "Түрікмен қоғамдық-мәдени орталығы" Қоғамдық бірлестігі, "Қазақстандағы еврей ұлттық ұйымдарының Қауымдастығы" заңды тұлғалардың "Мицва" бірлестігі", Қазақстандағы орыс общинасы, Қазақстандағы дүнгендер қауымдастығы, Қазақстандағы немістердің "Возрождение" қоғамдық бірлестіктері Қауымдастығы, "Болғар мәдени орталығы" Қоғамдық бірлестігі, Қазақстан Республикасындағы поляктар одағы, "Қазақстандағы гректердің "Филия" қоғамдық бірлестіктері Қауымдастығы", "Армяндардың "Луйс" мәдени орталығы" Қоғамдық бірлестігі, "Шешен және ингуш халықтарының мәдениетін дамыту жөніндегі "Вайнах" қауымдастығы, "Қазақстан күрдтерінің "Барбанг" қауымдастығы, "Әзербайжандардың "Тұран" мәдени орталығы", "Беларусь" мәдени орталығы", "Қазақстандағы ұйғырлар мәдениетінің орталығы" Қоғамдық бірлестігі " тәрізді ұйымдар қызмет істейді.

Жергілікті өзін-өзі басқару - жергілікті маңызы бар мәселелерді тікелей немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылатын органдары (институттары) арқылы өздері дербес шешу мақсатында белгілі бір мекендер шегінде тұрғылықты жері бойынша азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруының нысаны [4].

Мемлекеттік органдар жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайлар жасайды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес халықтың жергілікті өзін-өзі басқару құқығын жүзеге асыруына жәрдемдеседі. Жергілікті өзін-өзі басқару

органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті қоғамдастық халқының алдында жауапты болады.

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылуы мүмкін деп таниды. Әлемнің барлық дамыған елдерінде жергілікті өзін-өзі басқаруды құру мен одан әрі дамыту заңдармен кепілдік берілгені туралы жергілікті өзін-өзі басқарудың Европалық хартиясы белгілейді. Осы елдердегі жергілікті өзін-өзі басқару моделдерінің тұрпаттары бір-бірінен ерекшеленеді және халықтың жергілікті салт-дәстүріне, мәдениетіне, діліне, экономикалық даму деңгейіне және басқа да жағдайларға түгелімен бейімделген. Әлемнің барлық елдерінде мемлекеттік құрылғыдан немесе саяси партиядан бөлек, дамудың сол және басқа дәрежесінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары бар.

Еркін нарықтық қоғамда, тек жергілікті өзін-өзі басқару, еркіндік рецепті мен сайлаулар барлық елдің халқының бастамашылығындағы жүзеге асырылатын орасан зор шығармашылық әлеуетті жұмылдыруға мүмкіндік береді .

Азаматтық қоғамның бір институты – саяси жүйе. Саяси жүйенің ең күрделі, ең маңызды элементі - мемлекет. Саяси жүйенің қоғамды басқарудағы ең орталық буыны - мемлекет. Біріншіден, ол саяси жүйенің билігін, мүдде-мақсатын іске асыратын ең негізгі аппараты. Екіншіден, мемлекет саяси жүйенің барлық элементтерін біріктіріп, саяси функция арқылы қоғамның игілікті құндылықтарын әділетті болу процесін басқарып отырады. Бұл процесті басқару. Бақылау дегеніміз - қоғамдағы қарым-қатынастарды, олардың өзара байланысын реттеп отыру, тұрақты, жақсы дамуын қамтамасыз ету.

Осы және басқа да азаматтық қоғам институттары елді одан әрі демократияландырудың маңызды ресурсына айналды.

Қазіргі кезеңде азаматтық қоғамның институттарының үйлесімді жетілдіруін тежейтін саяси-құқықтық экономикалық, әлеуметтік-мәдени мәнді жайттарының болуы заңды. Бұл үнемі дамушы әлеуметтік үрдістің тиімділігі жеке тұлғаның жан – жақты дамуымен анықталады. Әр тұлға саналы азамат ретінде қалыптасуы қажет.

Азаматтық қоғамның мемлекетпен әріптестік негізінде дамуы әлеуметтік прогреске және реформалар үшін қолайлы жағдай туғызуға жәрдемдеседі.

Бұл – елдің модернизациялаудың, демократиялық дамудың және экономикалық өсудің, мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады [5].

Азаматтық қоғамның қалыптасуы және дамуы бірнеше ғасырларды қамтиды. Бұл процесс әлі күнге дейін аяқталған жоқ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қоғамдық бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы №3 Заңы (берілген өзгерістер мен толықтыруларымен 2020.25.05.).
2. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының заңы (2020.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Қазақстан Республикасының кәсіп одақтар туралы 2014 жылғы 27 маусымдағы № 211-V ҚРЗ (өзгерістерімен және толықтыруларымен 12.01.2021)
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Астана, 2018. – 664 б.
5. Ельмуратов Г.Ж., Сулекеев Д.К., Молдабаева С.К. т.б. Саясаттану. Электрондық оқулық. Павлодар.Кереку, 2010.



УДК 343.352:324(574)

**КОРРУПЦИЯ КАК ОБЪЕКТ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ***Нұрлан Е.Е.**Магистрант Евразийской юридической академии им. Д.А. Кунаева, Республика Казахстан, г. Алматы*

**Аннотация:** Коррупция как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира независимо от политического развития, в том числе и в Казахстане, различается лишь масштабами. Коррупция тормозит процесс социально экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций. Негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

В целом следует отметить, что начиная с периода независимости, Казахстан уверенно идет по пути усиления и повышения эффективности противодействия коррупции.

Так, наша страна первой на постсоветском пространстве приняла антикоррупционный закон, ввела соответствующие изменения в сопутствующее законодательство. Более того, Республика Казахстан подтверждает свои антикоррупционные инициативы и на международном уровне.

Автор рассматривает особенности современного развития коррупции в Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** коррупция, предупреждение, противодействие, профилактика, борьба, преступность, правонарушение, антикоррупционная политика.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ САЯСАТЫ РЕТІНДЕ**

**Түйіндеме:** Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуына қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да өмір сүруін жалғастыруда, тек ауқымында ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қатер төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

Тұтастай алғанда, Тәуелсіздік кезеңінен бастап Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін күшейту және арттыру жолымен сенімді жүріп келе жатқанын атап өткен жөн.

Осылайша, біздің еліміз посткеңестік кеңістікте бірінші болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң қабылдады, ілеспе заңнамаға тиісті өзгерістер енгізді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы өзінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларын халықаралық деңгейде растайды.

Автор Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың заманауи даму ерекшеліктерін қарастырады.

**Түйінді сөздер:** сыбайлас жемқорлық, алдын алу, қарыс іс-қимыл, профилактика, күрес, қылмыстылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат.

## CORRUPTION AS AN OBJECT OF ANTI-CORRUPTION POLICY

**Annotation:** Corruption as a social phenomenon continues to exist today in almost all countries of the world, regardless of political development, including in Kazakhstan, it differs only in scale. Corruption hinders the process of socio-economic development, building a market economy, and attracting investment. It has a negative impact on the political and social institutions of a democratic state and poses a serious threat to the future development of the country. The fight against corruption has been identified as one of the main priorities of state policy in Kazakhstan.

In general, it should be noted that since the period of independence, Kazakhstan has been steadily moving towards strengthening and improving the effectiveness of anti-corruption measures.

Thus, our country was the first in the post-Soviet space to adopt an anti-corruption law and introduce appropriate changes to the accompanying legislation. Moreover, the Republic of Kazakhstan confirms its anti-corruption initiatives at the international level.

The author examines the features of the modern development of corruption in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** corruption, prevention, counteraction, prevention, fight, crime, offense, anti-corruption policy

В настоящее время проводится очень много исследований по вопросам коррупции. Авторами исследований описываются социальные, политические, юридические, культурные, традиционные, архетипические и прочие проявления коррупции, вычленяются факторы, условия, причины, предпосылки и т.д. Можно сказать, что коррупция давно стала объектом активного междисциплинарного исследования. Однако для того, чтобы получить качественные научные результаты, необходимо очень точно определить объект исследования. Здесь следует оговориться, что коррупция как социальное явление и коррупция как объект антикоррупционной политики – это вещи хотя и связанные, но все же разные. Сначала определимся с основными понятиями.

Понятие «коррупция» происходит от латинского «*corruption*» – подкуп, что означает «разрушение» или «нарушение», и сложилось из сочетания латинских слов «*correi*» – несколько участников в обязательном правоотношении по поводу единственного предмета спора и «*impere*» – нарушить что-либо, в частности, рассматривается нарушение индивидами сложившихся этических норм для получения выгоды [1]. В самом общем виде этот иностранный термин обозначает использование должностными лицами прав, связанных с должностью, в целях личного обогащения, подкуп должностных лиц, политических деятелей [2, с. 313].

В политике понятие «коррупция» используется для характеристики морального состояния общества в целом. В этом контексте коррупция рассматривается как социальная болезнь, преграда на пути экономического прогресса или угроза легитимной политике, обусловленная доступом к власти преступных элементов.

Коррупция как явление оказывает разрушительное воздействие на все правовые институты, в результате чего установленные нормы права заменяются правилами, продиктованными индивидуальными интересами тех, кто способен оказывать влияние на представителей госаппарата и готов за это платить. Серьезная угроза кроется и во вторжении коррупции в систему юстиции в целом и отправления правосудия в частности, поскольку это с неизбежностью приводит к деформированию общей практики правоприменения, а также делает ее менее цивилизованной и эффективной.

Коррупция в судебных органах – это проблема общемирового масштаба, не ограниченная конкретной страной или регионом. Однако наихудшие проявления этой разновидности коррупции имеют место, судя по всему, в развивающихся странах и странах с переходной экономикой. Невозможно не согласиться с глобальными выводами XIII Конгресса ООН по предупреждению преступности и уголовному правосудию, который призвал государства обратить внимание на взаимосвязь между неэффективным предупреждением коррупции и слабым социальным развитием, а также напомнил государствам о том, что достижение устойчивого развития будет практически невозможно без соблюдения принципа верховенства права и создания действенной системы уголовного правосудия [3].

Коррупция сопровождает человечество с древнейших времен, являясь постоянным (хотя и нежеланным) спутником государства. Пожалуй, первым термин «коррупция» применительно к политике употребил еще Аристотель, определяя тиранию как коррумпированную («испорченную») форму монархии. О ней писали Макиавелли, Руссо и многие другие мыслители. По словам Ш. Монтескье, «известно уже по опыту веков, что всякий человек, обладающий властью, склонен злоупотреблять ею, и он идет в этом направлении, пока не достигнет положенного ему предела».

Как у всякого сложного социального явления, у коррупции не существует единственного канонического определения, что обуславливает многообразие подходов к ее толкованию [4, с. 67]. Исследователи выделяют пять основных подходов в изучении коррупции: политический, социологический, экономический, юридический и криминологический [5, с. 7-17].

В историческом плане первенствовал политический (или философско-политический) подход. С позиций этого подхода коррупция рассматривается максимально широко – как использование властных возможностей в частных интересах. Она оценивается в контексте закономерностей возникновения и развития государства и права.

Основы социологического подхода к анализу коррупции заложены в трудах М. Вебера. Его рациональный подход позволяет установить социологическую сущность коррупции. Коррупция – это проявление патологии в функционировании бюрократической организации. Вместе с появлением государства возникает управленческий аппарат. Когда он отчуждается от государства, появляется коррупция. Коррупция в социологическом смысле есть не что иное, как отчуждение управленческого персонала от государства.

